




АХМЕТТАНУ
БАСТАУЛАРЫ

6-БЕТ | АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150



ҚҰЛДЫҚ ҚАМЫТЫ

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



БИ ҚАДІРІН
КЕТІРМЕЙІК

10-БЕТ | ӨНЕРБАЯН



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Бүгінде Қазақстандағы сәулет-құрылыс қызметін реттейтін 2,5 мыңнан астам құжат бар. Бұл жүйе әбден қағазбастылыққа көмілген. Жемқорлық аз емес. Ескі құрылыс стандарттары мен нормалары әлі де қолданылады. Сондықтан, Үкіметке мүлдем жаңа құжат – Қала құрылысы кодексін қабылдауды тапсырамын.

№107
(4385)
Сенбі
10 қыркүйек
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЛОНДОНДА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Ұлыбритания астанасы Лондонда Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған конференция ұйымдастырылды.

Шарада ағылшын тіліне алғаш рет аударылған «Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш» кітабының тұсаукесері өтті. Британиялық шығармашылық интеллигенция ұлт ұстазының өмірбаянымен және еңбектерімен танысып, пікір бөлісті.

«Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш» кітабын ағылшын тіліне тәржімалаған аудармашылардың бірі – Арч Тэйт. Ол бұған дейін Шоқан Уәлихановтың таңдамалы шығармаларын да аударған.



ЖАСТАР ЖӘРМЕНКЕДЕ ЖҰМЫС ТАПТЫ

«Жастар» сарайында өткен бос жұмыс орны жәрмеңкесіне 65 жұмыс беруші компания қатысты. Екі қолға бір күрек таппай жүрген жастарға жәрмеңке – жұмыс табудың тамаша платформасы. Бұл жолғы жәрмеңкеде 1700-ге жуық жұмыс орны ұсынылды. Сондай-ақ мұнда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға арналған ұсыныстары бар жұмыс берушілер болды.

3-БЕТ

10-11 ҚЫРКҮЙЕКТЕ

«Астана-Арена» стадионы алаңында (Тұран 48) Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.



ОТБАСЫ КҮНІНДЕ ОТАУ ҚҰРДЫ

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні. Осыған орай, кеше «Бәйтерек» монументінде отасқандарына алпыс жыл толған гауһар той иелеріне құрмет көрсетіліп, жаңа өмірге қадам басқан жас жұбайларға неке қию куәліктері салтанатты түрде тапсырылды. Мемлекет басшысының Жарлығымен қабылданған мереке қаламызда жыл сайын кең көлемде аталып өтеді.

«ӨМІР АҒАШЫ» ӨРКЕН ЖАЯДЫ

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезіне дайындық аясында Қазақстандағы түрлі конфессиялар мен ұлттар арасындағы ынтымақтастықты, достық пен бірлікті бейнелейтін табиғи-рекреациялық саябақ тұжырымдамасы әзірленді.

Елорда әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылған «Бейбітшілік пен келісім саябағы» деп аталатын жоба Нұр-Сұлтан қаласындағы Есіл өзенінің бойында жүзеге асырылады.

Қала әкімдігінің Урбанистика

орталығының айтуынша, жобаның негізгі идеясы – «Өмір ағашы» монументі. Бұл құрылыс күмбез түрінде жасалады, оның ортасына еменді орналастыру жоспарлануда. Ағаш спиральмен және үйлесімді субұрқақпен қоршалады.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 477.27 \$ USD/KZT 477.46 ₰ RUB/KZT 7.87 ¥ CNY/KZT 68.63

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ЕЛОРДАДА ӘЛЕМДІК САММИТ ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АӨСШК Хатшылығының атқарушы директоры Қайрат Сарыбайды қабылдады.

Президент Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес хатшылығының қазіргі қызметімен және Қазақстанның осы ұйымға 2020-2022 жылдардағы төрағалығының қорытындысымен танысты. Әңгімелесу барысында 12-13 қазанда елордада өтетін АӨСШК-тің VI саммитіне дайындық мәселесіне ерекше

назар аударылды.

АӨСШК Хатшылығының атқарушы директоры Қайрат Сарыбай Мемлекет басшысына алдағы саммиттің қорытынды құжаттарының жобаларын келісу үдерісі туралы баяндады. Сонымен қатар Президентке АӨСШК-ті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру жоспары

жөнінде мәлімет берілді. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру – Қазақстанның стратегиялық мақсаты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы алдағы саммитті жоғары деңгейде ұйымдастыру және АӨСШК-тегі мақсаттар мен міндеттерді тиімді іске асыру аса маңызды екенін атап өтті.



17 МИЛЛИОН ТОННА МҰНАЙ ӨНДЕЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады. Мемлекет басшысы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы жанар-жағармай нарығындағы жағдайды тұрақтандыру үшін қабылдап жатқан шаралары туралы есепті тыңдады.

Компания басшысының мәліметіне сәйкес, биыл Қазақстанда 17 миллион тонна мұнай өнімдері өңделеді. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Шымкент және Атырау мұнай өңдеу зауыттарындағы жоспарлы жөндеу жұмыстарын кейінге шегеру жөнінде шешім қабылданды. Бұл ішкі нарықты қосымша 150 мың тоннаға дейін дизель отынмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы-

ның қажеттілігі үшін 100 мың тоннаға дейін дизель отынның импорттайды.

Мағзұм Мырзағалиев «ҚазМұнайГаздың» мұнай-газ химиясы саласындағы жобаларының жүзеге асырылуы жөнінде баяндады. Қазіргі уақытта Атырау облысындағы полипропилен өндіретін зауытты іске қосу жұмыстары аяқталды. Кәсіпорын бір айдың ішінде іске қосылады деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, Президентке полиэтилен және бутадиең өндірісіне

қатысты жобалардың жүзеге асырылу барысы туралы да айтылды.

Мемлекет басшысына Каспий құбыр желісі консорциумының теңіз терминалындағы қазіргі ахуал жөнінде мәлімет берілді. Мұнай танкерлерге тұрақты түрде құйылып, кестеге сәйкес жөнелтіліп жатыр.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қатысты бірқатар тапсырма берді.

ӘКІМДЕРДІҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдердің өрт сөндіру жұмыстары туралы есебін тыңдады. Президентке Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстарының әкімдері өңірлердегі өрт сөндіру жұмыстары туралы шұғыл баяндама жасады.

Әкімдер өрт ошақтарын сөндіру үшін қарқынды жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы, сондай-ақ табиғи апатқа қарсы таяуда атқарылатын іс-әрекет жоспарлары туралы хабарлады. Бұл іс-шараларға Ұлттық ұлан мен Қарулы күштердің

бөлімшелері жұмылдырылды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына өрт салдарынан болған залалды қалпына келтіру және зардап шеккендерге қажетті көмек көрсету шаралары жөнінде айтылды. Сондай-ақ әкімдер өз аймақтарының әлеу-

меттік-экономикалық жағдайы туралы есеп берді. Президент Премьер-министрге Төтенше жағдайлар министрлігінің өңірлік бөлімшелерін арнаулы техникамен және басқа да қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді тапсырды.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Королі III Карлға анасы II Елизавета Патшайымның қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Король III Карлдың, корольдік отбасы мен барлық британдықтардың қайғысына ортақтастып, көңіл айтты.

Президент елді 70 жыл бойы басқарған II Елизавета Патшайымның аса көрнекті көшбасшы, ұлы британ халқының бірлігі мен табандылығының символы болғанын атап өтті. «Оның дана-

лыққа, мейірімге және жігерге толы басшылығы Біріккен Корольдіктің одан да тұрақты, алуан түрлі және өркендеген қоғам құру жолында қарқынды дамуына өз септігін тигізді. Ол халықаралық қауіпсіздік пен орнықты дамуды нығайтуға бағытталған күш-жігерді ілгерілетуде көшбасшы болды. Оның тектілігі, қадір-қасиеті мен орасан зор жетістігі әлемдегі миллиондаған адамды жігерлен-

діре түсетініне, ал мол мұрасы өскелең ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталатынына сенімдімін» деп жазыған Қазақстан Президентінің жеделхатында.

Мемлекет басшысы Ұлыбританияның Қазақстандағы елшілігіне барып, II Елизавета Патшайымның қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

Президент көңіл айту кітабына жазба қалдырды.



ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халық қаһарманы, Ұлттық құрылтай мүшесі Тоқтар Әубәкіровпен кездесті. Халық қаһарманы

қоғамдық мәселелерге, соның ішінде ғылым саласына қатысты ұсыныстарын жеткізді. Кездесуде Тоқтар Әубәкіров Президенттің Қазақстан

халқына Жолдауында көтерілген бастамалар мен елдегі реформалар жөнінде пікірін айтып, өз қолдауын білдірді.

Сансызбай ЕСІЛОВ,
Нұр-Сұлтан қалалық
Ардагерлер кеңесінің
төрағасы:



ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа соңғы Жолдауымен танысып отырғанда ойыма мына халық мақалы орала кетті:

*Орағың өткір болса,
Қарың талмайды.
Отаның берік болса,
Жауың алмайды.*

Иә, Президенттің соңғы Жолдауын оқығанда бұл маңызды құжаттың идеясы, негізінен, елдің берік болашағы мен халқының біртұтас ұлт болып қалыптасуында қам-қарағеті екеніне көз жеткізесіз. Әсіресе Жолдаудағы үшінші бағдарда бұл қағида тайға таңба басқандай айқын көрініс тапқан.

Еліміздің басты құндылығы – адам және оның құқығы екені Ата Заңда анық көрсетілген. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру екінші республиканы нығайтудың басты мақсаты болмақ. Халық ауқатының ойдағыдай жоғары болғанда ғана қоғам орнықты дамиды. Бұл – ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома.

Халықтың әл-ауқатын арттырудың негізгі факторы жалақының өсуіне тікелей байланысты. Осыған орай, Президент Қ.Ж. Тоқаев ең төменгі жалақыны 60 мыңнан 70 мың теңгеге дейін көтеруді орында деп санаймын. Бұл жиынтық зейнетақыны 2025 жылға дейін 27 пайызға көтеруге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, Президент өз сөзінде әлеуметтік мәселелердің үлкен бір бөлігін көтерді. Соның бірі – соңғы жылдары күн тәртібінен түспей келе жатқан әйелдердің зейнетке шығу жасы. Ол 2028 жылға дейін 61 жас болып тіркелмек. Бұл шектеу – қазіргі ерлердің зейнетке шығу 63 жасынан екі жас кем деген сөз. Сонымен бірге әйелдерге жасалған жақсылық осымен шектелмейді. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап бала күтімі бойынша төлемдер біржарым жасқа дейін ұзартылды. Бұл шын мәнінде аналарға сәбилердің ең маңызды жасында балалармен бірге болуға мүмкіндік береді. Осы шаралар жас отбасыларға, әсіресе жас аналар мен сәбилерге жасалған мемлекеттің қамқорлығы деп

білу керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы ең күтпеген, маңызды ұсыныстардың бірі Ұлттық қор-балаларға түбегейлі жаңа бағдарламасының «Балалар жылы» басталғаны туралы хабарландыру болды. Президент балалардың арнайы жинақтаушы шоттарына Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын мерзімінен бұрын алу құқығынсыз, 18 жасқа толғанға дейін аударуды ұсынды. Көмелетке толғаннан кейін жинақталған сома тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді. Президенттің пікірінше, бұл қаражат өскелең ұрпаққа ересек өмірге нақты жолдама береді. Ұлттық байлықтан түскен пайданы өскелең ұрпақ үшін кәдеге жарату қазақ қоғамының көптеп бері айтып келе жатқан ұсыныстарының бірегейі деу керек.

Жолдаумен таныса отырып, мен ел жастары мен болашақ ұрпақ үшін жүзеге асатын игілік шаралардың осымен төмам болмайтынына назар аудардым. Соның бір айғағы – Президент білім, ғылым, жастар тәрбиесіне басымдық беруі. Мысалы, келесі жылы 100 мың жас жұмыспен қамтылады және оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыздан аспайтын шағын несиелер беріледі деді. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал ететіні сөзсіз. Жолдауда мәртеп және балабақшалар мәселесі де Президент назарынан тыс қалмады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы да халық көңілінен шықты деп батыл айтуға негіз бар. Бұл нысан түптің түбінде халықтың меншігіне айналады.

Ерекше айта кететін мәселе – Президент Қ.К. Тоқаевтың жалпыхалықтық референдумда қабылданған конституциялық реформалардың нәтижесінде Ата Заңға сәйкес жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі болып табылатыны. Сөйтіп, Мемлекет басшысы отыз жылдан бері айтылып, бірақ орындалмай жүрген бір түйткілді мәселенің түйінін шешті. Ата мекеннің қасиетті

жеріне енді ешкім заңсыз қол сұқпайды деп сенгіміз келеді.

Жолдауда ол сондай-ақ бүкіл зейнетақы жүйесін қайта қарау қажеттігіне баса назар аударды. Осылайша, зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына дейін, ал ең жоғары мөлшерлемесі 120 пайызға дейін жеткізілетіні атап өтілді.

Халықтың қамын ойлау, оларға қамқорлық таныту, сапалы білім беру, медициналық қызметтерді жақсарту, жастар мен педагогтарды қолдау сияқты мәселелер мемлекеттің басты назарында болуы тиіс.

Сонымен бірге Жолдаудың маңызды ұстанымы – елдің тұрмысын, әлеуметтік жағдайын жаңа кезең талаптарына сай бейімдеу, елдің тұрмыс сапасын көтеру, азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру игіліктерінің жаңа сатысына көтерілуі ауадай қажет екені де жария етілді.

Жолдау еліміздің саяси өмірін жандандырып, экономикалық-әлеуметтік дамуына тың серпін беретін үлкен жаңалықтарға толы болды. Ең бастысы, халықтың әлеуметтік жағдайы әрдайым мемлекеттің басты назарында қала бермек. Жолдауда айтылған жайттардың түпкі мақсаты – жұрттың тұрмысын жақсарту, әл-ауқатын арттыру. Саяси экономикалық реформалардың, игі бастамалардың бәрі осыған бағытталған.

Сонымен қатар Жолдауда саяси саланы әрі қарай дамуы мәселелері де қамтылды. Мемлекет басшысы кезектен тыс Президент сайлауы және Парламент мәжілісі мен маслихаттар сайлауы туралы жариялады. Алдағы кезеңдегі электралды циклдың мерзімін жаңа жаңа саяси мәдениеттің көрінісі екені сөзсіз. Мұндай қадам қоғам мен билік арасындағы сенімді күшейте түсетіні анық.

Жаңару, жаңғыру табалдырығында тұрған Қазақстанның гүлденуі – баршамамыздың бақуатты тірлігіміз. Ендеше, Президент айтқандай, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» отырып, жарқын болашақ үшін жұмыла күресейік.



ОТБАСЫ КҮНІНДЕ ОТАУ ҚҰРДЫ

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дәстүрлі іс-шараны бұл жолы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия басмасымен Есіл ауданының әкімдігі ұйымдастырды. Жиналғандарды есте қалар керемет күнмен Есіл ауданы әкімінің орынбасары Дәрменияр Қыдырбекұлы шын жүректен құттықтады.

Отбасы күні қарсаңында гауһар той иелерінің қуанышымен бөлісіп, жастардың өміріндегі алғашқы маңызды сәттік күәсі болып тұрмыз. Баршаңызды осындай айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Алпыс жыл бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, өмірдің ыстығы мен суығын қатар көре жүріп, татулықты, сыйластықты үлгі еткен ата-әжелеріміз аман болсын, олардың өнегелі жолын жастарға беріңіз! – деді ол.

Қалалық мәслихаттың депутаты, Қазақстан әйелдер күштері Альянсы төрағасының орынбасары Назгүл Мағжанның айтуынша, тәуелсіздігіміздің тірегі саналатын «Бәйтеректе» бас қосқандардың «арманы жоқ». Сондықтан осындағы үлкендердің ізі кейінгілерге үлгі болып, арманы асқақ жастардың болашағы алда екенін айта келе, оларға ақ жол тіледі.

Мерекелік іс-шараға 2 гауһар той иесі мен 5 жас жұп шақырылыпты.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған Өтен Ахмет ақсақал мен байырғы кітапханашы Райхан Тілегенованы сөзге тарттым. Осыдан аттай алпыс жыл бұрын Алматыда кездесіп, танысып, бірін-бірі ұнатып, бір жылдан кейін отау құрған екен. Бұралаңы көп өмір жолында сыйластық қана барлық қиындықтарды еңсеруге көмектесетінін алған тартқан отбасы бүгінде екі баладан алты немере және үш шөбере сүйіп отыр.

Бәйтерек – біздің ұлттық тұғырымыз. Осынау киелі жерде сіздердің жастық шақтарыңыз тоғысып, арман-тілектеріңіз ұштасып тұр. Осы жақсы ырым жалғасын тапса екен. Қазақ айтады: «Жақтарын түспей, жамандық көрмендер!» Бұл – батаның ең ірісі. Алдарыңда ұзақ жол бар, сол жолда әлі талай сынақтар кездеседі. Сол сәттерде сүрінбей, құламандар. Өйткені сендер тәуелсіз елде дүниеге келдіңдер, жүректерің ел деп соғып тұр, армандарыңның алдында барлық есік ашық. Ендеше, самғандар, қиындықтардан қорықпаңдар, мынау алып бәйтеректей тамырларыңды тереңге жайып, үбірлі-шүбірлі болыңдар, – деп жастарға батасын берді Өтен Ахмет.

Ықылым заманнан қазақ ұғымында отбасының орны ерекше.

Адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрып, қанат қағар ошақ қасы, алтын бесігі саналатын киелі ортаның өз заңы, өз қағидалары болады. Оны шайқалтпай, шыны-аяғын сылдыратпай, шаңырақтың берекесін кіргізіп отыру екі адамға да

байланысты. Алпыс жыл отасқандар мұның сырын жақсы біледі. Өкінішке қарай, соңғы кездері кейбір отбасындағы әкенің рөлі төмендеп барады. Ана үйде отырып бала бағып, әке сыртта нан табудың орнына, керісінше тірлік кешіп жүргендер жетерлік.

Айрандай ұйыған берекелі отбасы болу, әрине, оңай емес. Оған ерлі-зайыптылардың екеуі бірдей атсалысуы керек. Осындай отбасы мерекесінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, өмірдің талай ащысы мен тұщысын көрген өнегелі жандарды жастарға үлгі етіп, марапаттау – ерекше ғанибет. Бүгін бір керемет сезімдемін. Отбасының беріктігі сыйластық пен өзара түсінушіліктің, бір-бірімізді толықтырып отырумен тікелей байланысты деп ойлаймын. Жастарға да осы қасиеттерді көбірек бойларына сіңіріп, сезімдерін аялауға, кешірімшіл болуға, ата-аналарын сыйлап, бір-бірін тыңдауға шақырамын, – деді Райхан Тілегенова.

Отбасы мерекесіне жиналғандар Нұр-Сұлтан қаласының «Мерейтой иегерлері» кітабына жеке қолтаңбаларын қалдырды. Мереке күні заңды некеге тұрған жұптардың жүздері бал-бұл жанып, бір-біріне ерекше жылылықпен қиыла көз тастайды. Араларындағы іңкәр сезім оларды алға жетелеп, сенімдеріне қанат бітіргендей. Бастысы, шаңырақтары шайқалмай, тату-тәтті күн кешіп, береке мен бірліктің ұйытқысын бір жерге жинаған үлгілі ата-ана атанса, отбасы құндылықтарын берік сақтаса екен дейміз біз де.

ЖАСТАР ЖӘРМӨҢКЕДЕ ЖҰМЫС ТАПТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жәрмөңкеге келген жұмыс берушілер 150 мыңнан 300 мың теңгеге дейінгі орташа жалақысы бар жұмыстарды ұсынды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов айтты.

Жәрмөңке үшінші рет қатысып отырмыз. Бұл әр жұмыс берушіге қажетті қызметкерді табуға көмектеседі. Мәселен, қазіргі уақытта бізге кеңесшілер қажет. Олар кли-

енттерді іздеу, депозиттер ашумен айналысады, – деді «Отбасы банк» өкілі Асқар Рахымбаев.

Жұмыс іздеп жүрген жастың бірі – елордалық Сұлтан Тұрапбай.

Бүгінде магистратурада білім алудамын. Қазіргі қымбатшылық кезінде құр стипендияға арқа сүйеуге болмайды. Сондықтан ғылыми ізденіспен қатар, жұмыс істеп, ақша тапқым келеді. Мұнда жұмыс берушілер өте көп. Соның ішінде өзіме қажетті жұмысты табымын деген ойдамын, – деді ол.



ТАРИХТЫ ТАҢУҒА АРНАЛДЫ

Жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу – аса маңызды міндет. Бұл ұлттық идеологияның негізі саналады. Сондықтан жастардың рухани-мәдени тәрбие процесі үздіксіз жүретін, оларға тарихи санасының тамыры тереңде жатқанын дәріптеу керек-ақ. Осындай келелі іс-шара Балалар жылы және Отбасы күні аясында өткізілді.

Ігілікті іске ҚР Қарулы Күштерінің ұлттық әскери-патриоттық орталығы және Нұр-Сұлтан қорғаныс істері департаментінің қолдауымен, Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы, «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы ұйытқы болды.

Елордадағы жалпы орта білім беретін «Жас сарбаз» және балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арнап «Қазақ хандығы» фильмі көрсетілді.

Іс-шараға Жастар саясаты мәселелері басқармасы бөлімінің басшысы Аян Ерментәев, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы Асхат Налшыбек қатысып, жастар саясаты бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Жасөспірімдер тарихи өтпелі кезеңдерден мол хабар беретін тарихи фильмнен алған әсерін ортаға салды.



ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯ ҚҰРЫЛЫСЫ НЕГЕ СОЗЫЛЫП КЕТТІ?

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының отырысында мәслихат хатшысы Ерлан Каналимовтың төрағалығымен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік-инвестициялық жобаларын қаланың коммуналдық меншігіне қабылдау мәселесі қаралды. Негізгі баяндаманы қалалық Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Еркін Өтебаев жасады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, биыл коммуналдық меншікке жалпы 84 жобаны қабылдау жоспарланған. Соның ішінде Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына 28 жоба тиесілі. Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының еншісінде 38 жоба, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасында 2 жоба, Құрылыс басқармасында 16 жоба бар. Бүгінгі күнге 23 жоба немесе жоспарланған нысандардың 22 пайызы коммуналдық меншікке қабылданды, ал қалған 61 нысан осы жылдың соңына дейін қабылдануы тиіс. Жалпы 2020-2022 жылдар аралығында бірқатар иесіз инженерлік желілер мен нысандар коммуналдық меншікке берілді. Оған жұмсалған қаржының жалпы сомасы 4,8 млрд теңгені құрады.

Одан кейін тиісті басқармалардың басшылары күн тәртібіне шығарылған

мәселе бойынша баяндама жасады. Атап айтқанда, Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Жасұлан Қожахметов, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Жансұлтан Сапарбаев, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Әлия Қожабаева, Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Сыдықов осы басқармаға жүктелген жұмыстар барысымен таныстырды.

Бюджеттік-инвестициялық жобаларды қаланың коммуналдық меншігіне қабылдау жұмыстарында түйткілдер жоқ емес. Мәслихат депутаттары пікірлері мен ұсыныстарын айтып, сауалдарын қойды. Хатшы Ерлан Каналимов жылдар бойынша коммуналдық меншікке қабылданбаған жобаларға тоқталып, құрылысы аяқталмаған нысандар жайын қозғады.

– 2013 жылғы нысандардың әлі тапсырылмағанын қалай түсінуге

болады? Мәселен, «Көктем» қосалқы станциясының құрылысы 9 жылдан бері аяқталмай келеді. Осыған байланысты Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы қандай шараларды қолданып жатыр? Басқарма станция құрылысын созып жіберген компанияны сотқа берді ме, бұл компания жосықсыз деп танылды ма, осы мәселені талқылау және шешу үшін комиссия құру қажет. Заңнама шеңберінде мәселелерді реттеу мүмкіндігі бар. Биыл бюджеттік-инвестициялық нысандардың 25 пайызы ғана коммуналдық меншікке өткен. Қалғандары тапсырылу үстінде немесе әлі салынып жатыр. Қабылдауды жеделдету үшін түрлі бюрократиялық кідірістерді жою керек. Кейбір мемлекеттік органдардың заңгерлерінің жосықсыз мердігерлерге талап-арыздарды беру жұмысы төмен деңгейде. Басқармалар депутаттарға биылғы және өткен жылдардағы нысандарды беру бойынша кезең-кезеңімен жұмыс жоспарын ұсынуы қажет. Бұл нысандарды бюджет есебінен ұстауға болмайды. Ең алдымен, бұл көшелер, инженерлік желілер мен электр жүйелері, қосалқы станциялар және басқа да нысандар, – деген Ерлан Каналимов ұзаққа созылған жобалар бойынша мерзімдері көрсетілген Жол картасын дайындауды ұсынды.

БАҒА НАРҚЫ ҚАНДАЙ?

09.09.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР
ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	«Астаналық» базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	460	420	660	600
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	140	150
Макарон өнімдері	480	440	400	410
Қарақұмық жармасы	700	520	630	650
Тазартылған күріш	500	465	475	480
Картон	180	180	150	160
Сәбіз	200	115	130	180
Пияз	200	95	120	230
Қырыққабат	190	70	180	165
Қант	650	1000	600	650
Күнбағыс майы	1200	1150	1000	1100
Сыыр еті	2750	3000	2500	2800
Тауық еті	1700	1700	1680	1650
Пастерленген сүт	450	420	380	400
Айран	440	400	460	430
Сары май	4500	4000	4000	4000
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	500	480	480	450
Ас тұзы	100	70	80	90
Сүзбе	1000	950	900	950

ИГІЛІКТІ БАСТАМАЛАР БАСТАУЫ

Кеше елорданың Достық үйінде «Қазақстан мәслихаттар депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауы талқыланды. Жиынға Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов, елордалық мәслихат депутаттары Нұрлан Көпешов, Алтыншаш Табулдина қатысты.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Президент Жолдауда саяси реформаларды және жаңа экономикалық саясатты іске асыру, еліміздің транзиттік қуатын арттыру, ауыл шаруашылығын дамыту, медициналық инфрақұрылымды кешенді

түрде жақсарту, білім беру жүйесін дамыту, ең төменгі жалақы деңгейін көтеру, зейнетақы жүйесін жаңғырту, адам әлеуетін дамыту, қоғамда заң үстемдігін берік орнату сынды бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтеріп, алдағы уақыттағы еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық

дамуын айқындап берді. Халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған тың бағдарламалар ұсынылған бұл Жолдау игілікті бастамалардың бастауы, жарқын болашақтың нышаны болары сөзсіз. Енді біз Жаңа Қазақстанды құру үшін ел тарихындағы елеулі оқиғаға бейжай қарамай,

бірлігіміз бен ынтымағымызды, татулығымыз бен тұрақтылығымызды және өзара ауызбіршілігімізді көздің қарашығындай қастерлеп, жұмыла жұмыс жасауымыз аса маңызды, – деді жиынды ашып, жүргізіп отырған «Қазақстан мәслихаттар депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеубек Мұқашев.

Одан кейін сөз алған Премьер-министр кеңесінің өкілі Рыскелді Сәтбаев Мемлекет басшысы Жаңа Жолдауында өңірлердегі өзекті мәселелерді



шешу үшін жергілікті өзін-өзі басқару қызметін өзгертуге айрықша назар аудару қажеттігін атап өткенін жеткізді. Бұл тарапта қолға алынған шараларға тоқталды. Соның ішінде мәслихаттарды жаңғырту ісі маңызды екенін айтты. Ұлттық экономика

министрінің орынбасары Бауыржан Омарбеков жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы реформаларға тоқталды. Әділет министрлігінің өкілі Салтанат Жүнісова Президент Жолдауында бес басым бағытты атап өткенін айтып, соның ішінде Әділет министрлігіне

жүктелген тапсырмалармен таныстырды.

Жиын қорытындысында «Қазақстан мәслихаттар депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі қазақстандықтарға үндеу жолдайтыны айтылды.



ЖАҢАРУ ЖОЛЫН АЙҚЫНДАҒАН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдаулары – елдің саяси бағдарын айқындап, экономикалық бағытын байыптап, ықтимал дағдарыс құбылыстары мен сын-қатерлерді еңсерудің жол-картасы. Ал күні кеше жария еткен «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауы да – өзіміздің бүгінгі мен ертеңі үшін аса маңызды бағдарлама. Қазір сарапшылар мен белсенді азаматтар стратегиялық құжатта қамтылған мәселелерді жер-жерде талқылап, басымдықтардың мән-маңызы туралы сөз етуде. «Elorda aqparat» ЖШС шаңырағында елге белгілі азаматтар жиналып, ой-талқы алаңында өз ойларымен бөлісті.

Нұрпал БАЙГЕНЖЕ

«Elorda aqparat» ЖШС директоры Олжас Сыдықбек алқалы жиынды ашып:

– Жолдауда қамтылған саяси, экономикалық, әлеуметтік басымдықтарды оңтайлы шешу арқылы елдің әлеуметтік әлеуеті артады. Сондықтан мән-маңызы айрықша, ауқымды кең құжаттағы негізгі бағыттарды талқылауды жөн көрдік.

Алдымызға жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылды. Мұны өзіндік пікірі бар азаматтардың қатысуымен саралап, салмақтау маңызды деп ойлаймыз. Сондықтан Сіздерді дөңгелек үстел басына жинап, өрісті ой, талғамды сөз айтуға шақырып отырмыз, – деді.

Басқосуға Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатындағы Аманат партиясы фракциясының жетекшісі, депутат Азамат АЙТХОЖИН онлайн байланыста қосылып:

– Бұл жолғы Жолдауда жастар саясатына, бизнесті дамытуға және т.б. айрықша көңіл бөлінсе, бұл жолы халықтың көкейінде жүрген

сұрақтың бірі – жасөспірімдердің сапалы өмір салтын қалыптастыруда мемлекеттің қамқорлығына тоқталып, Ұлттық қордың жылдық инвестициялық табысының 50 пайызын 18-ге толмаған балалардың жеке шотына аударуды ұсынды.

Ұлттық қордағы қаржыны халықтың игілігіне бағыттау бұған дейін де айтылған-ды. Мұны жүзеге асырудың маңызын терең түсінетін Президент қазақстандықтарды қанағаттандыратын шешім қабылдады. Мұның жақсы тұсы – енді ел азаматтарының Ұлттық қорға деген қызығушылығы артып, оның жұмысын қадағалауға әрекет етеді деп ойлаймын.

Құжаттың құндылығы адами капиталдың сапасын арттыруға мән беруінен көрінді. Әлемнің озық елдерінің тәжірибесінен адами ақыл-ойдың сапасын арттыру арқылы зор жетістікке жеткенін көріп отырмыз. Адамның интеллектуалдық сапасын арттыруда білім беру орындары – балабақша, мектеп, колледж, университеттер шешуші мәнге ие.

Жолдауда Президент білім беру құрылымдарын жүйелі дамытуды нақты тапсырды. Мәселен, мектепке дейінгі тәрбие ісіне мән беріп, тәрбиешілердің білік-

тілік санатын арттырудың маңызын атады. Орта білім беру жүйесін жетілдіруде көп ауысымдық мектептерді жоюды міндеттеп, 800 мектеп салуды атады.

Мұның бәрі өркениет көшіне ілесудің қайнар көзі болып табылады, – деді.

Біздің елде азаматтық қоғамның белді өкілдері өзінің ұсыныс-тілектерін ашық айтып, өткір мәселелердің шешілуіне үн қосып жүр. Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Ұлттық құрылтай мүшесі, ҰҒА академигі **Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ** дөңгелек үстелге қоғам белсендісі ретінде қатысты. Ғылымның тәрбие және білім беру, ұлттық идеология турасындағы ойы қызықтырды.

– Экономиканың дамуына үш түрлі капитал үлес қосады. Бірінші, табиғи капитал, екінші, физикалық капитал. Үшінші, адами капитал. ХХІ ғасырда мемлекеттің өркендеуі өзінен кейінгі үшіншісі басымдыққа ие болып тұр. Сондықтан, зияткерлік активтермен өлшенетін адами капиталды тәрбие және білім беру жүйесінде дамыту қолға алынды. Әсіресе, мектепке дейінгі ұйымдар мен орта мектептерге басымдық беріп, тәрбиешілер мен ұстаздардың біліктілігін арттыруды басымдық етіп, оқу орындарының материалдық-техникалық базасы нығайтылуда.

Президент бұл жолғы Жолдауында кезекті рет тәрбие процесі мен білім беру үрдісі мемлекеттіліктің ажырамас бөлшегі екенін айғақтап, осы салаға ерекше көңіл бөлді. Оған жасөспірімдерді балабақшамен толық қамту, тәрбиешілердің біліктілігін арттыру және жалақысын көтеруді тапсырды. Әкімдерге әлеуметтік серіктестік есебінен мектеп салуды жүйелеуді, кадр сапасын арттыруда жоғары оқу орындарындағы диплом беру психологиясын өзгертуді мензеді.

Әлеуметтік инфрақұ-

рылым мектеп салу өте маңызды, дегенмен кадр сапасын арттыру да – мемлекет алдында тұрған үлкен міндеттің бірі.

Қазір жастар арасында бірнеше дипломы болғанымен, екі қолға бір күрек таппай жүргендері көп. Неге? Өйткені жастар арасында диплом алуға ынта-ықылас жоғары болғанымен, сапалы білім алуға деген қажеттілік төмен болып тұр. Жоғары мектептердің дипломы мамандардың біліктілігіне қабілетіне толық жауап бере алмайды. Білім және ғылым министрлігін екіге бөлуде осындай сыр жатыр деп ойлаймын. Яғни жоғары білім беру жүйесінде студент теориялық біліммен қатар практикалық тәжірибесін шыңдап, диплом алғанында өз саласының білікті маманы ретінде шығуы тиіс. Ғылым мен инновацияға да айрықша мән беріп, экономиканың ажырамас бөлшегі ретінде дамыту міндеті тұр.

Университетте сапалы білім алған педагогтар уақыт талабына сай үнемі біліктілігін арттырып отыруға көңіл бөлуі тиіс. Жолдауда мұның маңызы да тың қалмады. Жаһанданған заманда аралас мектептер ұлттық білім-бітім пен қабілет-қасиетке зор қауіп төндіретінін айтуымыз керек-ақ. Алаш қайраткері Халел Досмұхамедов «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесен, бұл – сүйініш, ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесен, бұл – күйініш» дегендей, көп тілді білетін ұрпақ тәрбиелеу керек, алайда өспірімдерге өз тілінді құрметтеп, қастерлеуді үйретуге тиіспіз, – деді Кәрімбек Арыстанұлы.

Елдегі саяси бейбұрыстар мен мемлекеттік бағдармалардың мән-жайын түсіндіріп, халыққа насихаттауда ақпарат құралдары зор сенімге ие. Әсіресе, идеологиялық құралдың тізгінін ұстаған азаматтар бірінші кезекте ақ пен қараның аражігін ажыратып, елге дұрыс бағдар беруі тиіс.

Біз «Түркістан» халықаралық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, белгілі ақын **Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫНЫҢ** ойларын осы тұрғыда сараладық.

– Саяси мінбеде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен кезекті рет айтып, құлақ асатын мемлекет және әділет қоғам қағидасын орнатудың жолдарын көрсетіп берді. Стратегиялық құжаттың тармақтары осы ұстаным негізінде тарқатылды.

Тағы бір аңғаратын жайт, «Адвокат коллегиясының айтуы бойынша», «азаматтық қоғам өкілдерінің ұсынысы

бойынша» деген мысал келтіру арқылы қоғамның ішкі тыныс-тіршілігімен етене тыныс екенін, халықтың негізгі сұраныс-ұсынысына хабары бар екенін дәлелденгендей болды.

Мәселен, заңсыз келген көліктерді тіркеуді, су тапшылығына назар аудару, салық жүйесін реформалау, ішкі миграция мен сыртқы көші-қонды үдету мәселесін Үкімет назарына қайта салып, нақты шешуді тапсырды.

Егер Жолдауда көтерілген басымдықтарды атқарушы және жергілікті билік жүзеге асырса, халықтың тұрмыстық әлеуеті артатыны анық, – деді басылым басшысы.

Қаламгер **Еркін ҚЫДЫР** Жолдаудағы әділетті қоғам құрудың маңызына мән берді.

– Президент Жолдауды бес тармаққа бөліп, әлеуметтік саланы терең қамтыды. Тіпті бұл құжатты сайлауалды бағдарлама ретінде қабылдауға болады.

Халық заң нормалары жұмыс істейтін, әділетті қоғамның орнауына мүлдегі. Ал әділетті қоғамның негізі – сот. Сот әділеттілік принциптеріне жүгінбей, елде әділеттілік орнамайды. Сондықтан сот жүйесі реформалануы тиіс.

Шет елдерде бай-бағландарға құрметпен қарайды. Неге? Себебі олар елдің табысы артына жағдай жасайды, қарапайым адамдарға қарағанда салықты әлденеше есе көп төлейді. Ал біздегі бай адамдар қайта табысын жасырып, мүлгіні біреудің атына рәсімдейтін халық біліп жүр. Енді бай-бағландар да өзінің табысына сай салық төлеуі айтылды Жолдауда. Бұл – дұрыс шешім. Айналып келгенде, байлардың зекет бергені сияқты сауатты іс деп қабылдауымыз керек, – деді «Астана ақшамы» республикалық саяси-қоғамдық газетінің бас редакторы.

Елордалық «Вечерняя Астана» республикалық саяси-қоғамдық басылымының бас редакторы **Лариса**

УВАЛИЕВА елдегі тұрақтылық пен тыныштықты сақтаудың маңызы тұрғысынан сөз саптап, Жолдаудың жүгін аша түсті.

– Стратегиялық құжатта қоғамдық өмірде талқылап жүрген өзекті мәселелер қамтылды. Әйелдердің зейнет жасын төмендету, жасөспірімдерге әлеуметтік қамқорлық пакетін арттыру тапсырды.

Жолдауда саяси бағыттағы реформалар назардан тыс қалған жоқ. Суперпрезиденттік басқарудан мықты парламенттік басқаруға ауысып, президент тек бір мерзімге 7 жылға ғана сайланатынын, биліктің халықпен ашық диалогқа түсіп, үніне құлақ асуы керектігін атады, әрі мұның бәрі демократиялық сипатта болатынын үміттендіреді.

Саяси бәсеке болмай, санада серпіліс орын алмайтын анық. Келесі жылдың бірінші жартыжылдығында өтетін Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауына дейін саяси партиялар тіркеліп, жаңа партиялар сайлауда белсенділік танытып, өкілді органдарда азаматтық ұстанымы берік, халықшыл азаматтардың қатары көбейіп, саяси өмірде іргелі өзгерістер болатынына сенемін.

Бүгінде жылт еткен жаңалықты шұғыл беруде сайттардың рөлі артты. Сайт-портал қызметкерлері ақпараттың жылдам берілуімен қатар, оның мән-мазмұнын талдап, ең өзекті, ең құнды тұсын оқырманға жеткізуі тиіс. Elorda.info ақпараттық порталының бас редакторы **Дулат ТҮЛЕПОВТІН** ойы осы тұрғыда маңызды болды.

– Жан-жақты сарапталған құжат. Жолдауда әлеуметтік те, экономикалық та, саяси да тепе-теңдік қамтылды. Әділетті қоғамды дамытудың нақты қадамы айтылды.

Бастысы, құжатта тәуелсіздік жылдарындағы қателіктер жан-жақты ескертіліп, олқы тұстарды, кем-кетікті дұрыстаудың жолын айқындап, дамудың бағыт-бағдарын нақтылап берді.

Мәнінше, Президенттің өкілеттілік мерзімін қысқарту, жаңа саяси көзқарастар принципін қалыптастырып, атқарушы биліктің іске ептілігін шындай түсетініне сенім.

Мемлекет басшысы мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуына бас тартып, бағаны қадағалау, бизнесті дамытуда бәсекелестікті арттыру тетіктерін жетілдірудің маңызына тоқталды, – деді сайт жетекшісі.

Басқосуды түйіндеген медиахолдинг басшысы **Олжас Сыдықбек** саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік маңызды міндеттерді қамтыған Жолдау қарапайым халық көкейіндегі көп сұрақты дөп басып, жаңару жолын айқын нұсқағанын атап, ой-талқы алаңына келген азаматтарға алғысын білдірді.

Рысты АТЫҒАЕВА, Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы:

СЕНІМ ҰЯЛАТТЫ

– «Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекетімізді біртіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет. Барынша мұқият әрекет жасап, еліміздің ұзақ мерзімді мүддесіне сай жұмыс жүргізуіміз керек» деп атап көрсетті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мырза. Бұл дегеніміз – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру. Сондай-ақ шағын орта бизнеспен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру, осыған байланысты тың тәсілдер қажет екендігіне басты назар аударды.

Адам капиталының негізгі де, болашағы да бала болып табылады. Осыған байланысты үндеуде бала тәрбиесіне оның заманға сай өсіп жетілуіне мән берген. Үндеуде әрбір отбасы пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көру керек. «Ұлттық қор – балаларға» атты мүддем жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды ұсынды. Бұл еліміздің болашағына қосылатын ерекше маңызды іс болмақ. Біз, әрине, мұны айрықша құлшыныспен құтаймыз. Жиналған қаржы әр балаға 18 жасқа толғанға дейін аударылып, оған мерзімнен бұрын есеп шотынан шығарып алуға болмайды. Жиналған қаржы балалар көмелет жасына толғаннан кейін баспана немесе білім алуға жұмсалатын болады. Қаражат ескелен ұрпақтың үлкен өмірге нық қадаммен басуына мүмкіндік береді. Қор шын мәнінде ұлттық мәртебеге ие болып халқымыздың игілігіне қызмет ететіне сенімдіміз және қолдаймыз.

Президент Жолдауындағы тағы бір өзекті мәселе – мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп өткен іске өкініп отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп есептеледі. Сондықтан қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жасау туралы шешім қабылдады. Бұл қазіргі таңда қазақ халқының әділет орындарының Президенттен күтіп жүрген ең бір қастерлі де, қадірлі ісі болып отыр.

ӨНЕРКӘСІПТІҢ ДАМУ ДЕНГЕЙІ ҚАНДАЙ?


Бүгінде бас қала қай салада да серпінді дамып келеді. Әсіресе, елорданың өнеркәсіптік даму көрсеткіштері көңіл қуантады.

Еуразиялық континент орталығындағы ыңғайлы географиялық орнын, сондай-ақ жоғары экономикалық өсу қарқынын ескере отырып, бас қала инвесторлар және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді дамытуда. Экономиканың нақты секторы бойынша еліміз тәуелсіздік алған жылдар ішінде өнеркәсіп өнімдері, инвестициялар, тауар айналымы және басқа экономикалық, әлеуметтік көрсеткіштер көлемінің өсуі бойынша үрдістер тұрақты.

Шаһардың өнеркәсіп өндірісі, негізінен, құрылыс заттарын, азық-түлік өнімдерін шығару мен машина жасау ісі төңірегіне шоғырландырылған. Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанда құрылыс металл бұйымдарын, пайдалануға дайын бетон және бетоннан жасалған құрылыс заттарын шығару жөнінен алдыңғы орынды иеленеді. Мұндағы ірі кәсіпорындар қатарында Целиноград вагон жөндеу зауытын, «Цесна-Астық» концернін, «Тұлпар-Тальго» ЖШС жолаушылар вагонын құрастыру зауытын, «Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС тікұшақ құрастыру зауытын айтуға болады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша елорданың жалпы өңірлік өнімінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда 8 417,6 млрд теңге және соңғы бес жылда 1,5 есеге өсті. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі жалпы көлемде 7,7%-ға қамтамасыз етілді немесе 650,5 млрд теңгеге тең.

Бүгінде елорда Қазақстандағы ірі бизнес орталығының біріне айналды. Кәсіпкерлік мәдениеті қарыштап дамып келеді, 62 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысандары жұмыс істейді. Елорда құрылыс ауқымы жөнінен елде



көш бастап тұр. Астана мәртебесін алғалы бері қалада 10 миллион шаршы метр тұрғын үй салынды. Құрылысқа жүздеген отандық және шетелдік құрылыс компаниясы қатысты. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйенсек, жыл басында Нұр-Сұлтан қаласында 63 018 жұмыс істейтін заңды тұлға тіркелген. Соның ішінде 62 194 шағын, 473 орта және 351 ірі кәсіпорын бар. Жұмыс істейтін кәсіпорындардың 2 398-і, яғни 2 355 шағын, 28

орта және 15 ірі кәсіпорын өңдеу өнеркәсібіне жатады, бұл жалпы кәсіпорын санының 3,8%-ды құрайды.

Өндіріс өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2021 жыл қорытындысы бойынша 1 543,9 млрд теңгеге тең. Соның ішінде 1 390,5 млрд теңге – өңдеу өнеркәсібі, жалпы өнеркәсіптік өндіріс көлеміндегі үлесі 90,1%, 2020 жылы ол 91,3%-ды құраған.

Экспорт көлемі бойынша елорда Қазақстанның басқа өңірлері арасында екінші орын-

да тұр. Ол жалпы көлемнің 10,2%-ын қамтамасыз етіп отыр. Өңдеу өнеркәсібі өнімінің экспорты көлемі бойынша 9,5% үлеспен бесінші орынды иеленіп отыр. Соңғы жылдары өңірлік экспорт номенклатурасы төмендегі өнімдермен: электровоздар және жолаушы вагондармен толықты.

Индустрияландырудың басынан Индустрияландыру картасы мен Кәсіпкерлікті қолдау карталары шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласында сомасы 227,3 млрд теңге тұратын 45 жоба пайдалануға берілді. Осылайша, 4,7 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Енгізілген жобалардың басым бөлігі, нақтырақ айтсақ, 37 жоба немесе 82%-ы елорданың Алматы ауданында орналасқан. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібі жобаларының арасында құрылыс индустриясы және инвестиция көлемі бойынша енгізілген жобалар саны бойынша көш бастап тұр. Мәселен, құрылыс индустриясы саласында 13 жоба немесе 32% жүзеге асырылса, инвестиция көлемі бойынша 57,4 млрд теңгеге немесе 51,1%-ға орындалған.

2025 жылға дейін елордада 5 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Бұл ретте жалпы сомасы 156,4 млрд теңгенің 57 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Сонымен бірге биыл сомасы 38,4 млрд теңгені құрайтын 10 жобаны іске жосу көзделген. Елордада енгізілетін жобалардың негізгі салалары – құрылыс индустриясы мен машина жасау саласы. Осылайша, кәсіпорындар KIA Niro автомобиль, респираторлар, лифтер және басқа өнім өндірісін жолға қоюды жоспарлап отыр.

Тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі елорданың тұрақты дамуы Қазақстанның бас мегаполисінің болашағы бұдан да зор болатындығын айқындады. Қорыта айтқанда, өзінің 30 жылдық өсу үрдісінде Нұр-Сұлтан экономиканың даму драйверіне айналды.



ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Үкімет отырысында Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов шаһардың жылыту маусымына дайындығы және газдандыру барысы туралы баяндады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Жылыту маусымына дайындық жоспары түрде жүруде. Энергия көздерінің жалпы дайындығы 90 пайызды құрайды. Білім беру нысандары – 96, денсаулық сақтау – 97, тұрғын үй қорының 80 пайызы, яғни 2998 нысанның 2442-сі бүгінге дайын. Жұмыс жалғасуда, жылыту маусымына дейін толық үлгереміз, – деді Алтай Көлгінов.

Қала басшысы алдағы жылыту маусымына дайындық барысында қолға алынған шараларға тоқталды. Оның айтуынша, 1-ЖЭО-да №4 және №9 су жылыту қазандықтары, 2-ЖЭО-да №6 энергетикалық қазандығы жөнделді. №6 жылу желісін іске қосу үдерісі жүруде. Ұзындығы 17 шақырым электрмен жабдықтау нысандарын салу және реконструкциялау аяқталды. Бұл электр желілеріне технологиялық бұзушылықтарды азайтуға мүмкіндік берді және алдағы уақытта құрылыс аудандарын электр қуатымен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Қаланы газдандыру барысына тоқталған Алтай Көлгінов тиісті жұмыстар жалғасып жатқанын айтты.

– 700 шақырымнан астам газ тарату желілері салынды. Алматы және Сарыарқа аудандарында желілерді салу толығымен аяқталды. Бұл – 10 тұрғын алабы. Нәтижесінде елорданың 14 мыңнан астам абоненті газбен жабдықтау жүйесіне қол жеткізді. Соның ішінде 5 мыңнан астам абонент қазіргі уақытта толық газға қосылды. Биыл Байқоңыр және Есіл аудандарында газдандыру жұмыстары басталды. 1-ЖЭО мен 2-ЖЭО-да барлық 13 су жылыту қазандықтары газға ауыстырылды, – деді Нұр-Сұлтан қаласының әкімі.

Елорда тұрғындарын көмірмен қамтамасыз ететін 8 компания көмірді 14 жерде сататынын айтқан Алтай Көлгінов олармен көмір бағасын көтермеу жөнінде келісімшарт жасалғанын жеткізді.

– Жыл сайынғы жоспарға сәйкес қыркүйек-қараша айларына ай сайын 70 мың тоннадан астам көмір жеткізу жоспарланған. Вагондарды уақытлы жеткі-

зу өте маңызды. Сондықтан «Қазақстан темір жолы» мекемесімен жұмыс жүруде, – деді қала әкімі.

Алтай Көлгіновтің айтуынша, коммуналдық кәсіпорындар мен энергия кешенін жылу беру маусымына дайындығы штаттық режимде өтуде және ерекше бақылауда.

– Алдағы жылдары жылу энергиясын тұтыну көлемінің тапшылығы болуы мүмкін. Осыған байланысты біз бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды іске асырып жатырмыз. Бұл газбен қамтамасыз ететін жылу қазандықтары және 3-ЖЭО құрылысы қайта жанданды. Сол арқылы қуаттылығы сағатына 440 гигакалорий жылу энергиясын беруге мүмкіндік береді. Бірақ қазір мердігер бекітілген мерзімнен кешігіп жатыр. Осыған байланысты тиісті шараларды қабылдаудамыз. Бұл нысанды келесі жылы іске қосуды көздеп отырмыз, – деді Алтай Көлгінов.

Елорданың жылу маусымына дайындығы қалалық мәслихаттың отырысында да қаралды. «Астана-Энергия» АҚ-тың негізгі және қосалқы жабдықтарын жөндеу жұмысы бекітілген кестелермен, жоспарға сай жүріп жатыр. Желілердің жалпы дайындығы 83,7 пайызды құрайды. Жылу желілері бойынша «Астана-Теплотранзит» АҚ-ның жылу беру маусымына жалпы дайындығы 86 пайызды құрайды. Барлық жұмыстар қыркүйек айының соңына дейін аяқталады.

Көмір қоры 4080 тоннаны құрайды. Елорданың 16 әлеуметтік нысаны жыл басынан бері газға қосылды. Газға көшуден қала бюджетіне 3,5 есе үнемдеу түседі. Егер бұрын жылу беру маусымында бұл нысандар 1 миллиард 420 миллионға дизельдік отынды тұтынса, енді шығын 440 миллионнан аспайды. Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов қалалық Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасына аудандардағы газ бармайтын аумақтар бойынша есепті және қатты отынға мұқтаж әлеуметтік әлжуаз топтарға жататын азаматтардың тізімін әзірлеуді тапсырды.

Дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ ЕСКЕРІЛЕДІ

Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлы оңтүстік-шығыс шағын ауданының тұрғындарымен кездесті.

Бұл шағын аудан – бас қаладағы халықтың орналасқан мекендердің бірі. Қазіргі уақытта мұнда жол құрылысы, нөсер кәрізі және магистральдық инженерлік желілерді орнату бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Аудан басшысының айтуынша, Балқантау көшесіндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын 10 күн ішінде аяқтау жоспарланып отыр. Содан кейін Жанкент көшесін жөндеу жұмыстары басталып, Кеңгір көшесінде биыл 15 қыркүйектен кейін магистральдық инженерлік желілерді кесіп өту жұмыстары қайта жанданады. Сондай-ақ аудан аумағындағы Қалба, Балбырауын және Құмкент көшелерінде нөсер кәрізінің құрылысы жалғасуда.

Бұған дейін қала басшысымен болған кездесуде қала тұрғындары бірқатар мәселені қозғаған болатын. Қазір олардың басым бөлігі шешілді, ал жүйелі мәселелер бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл кездесуде көтерілген проблемалар осы жылдың да, 2023 жылдың да жоспарына енгізілді. Мәселен, осыған дейін айтылған мәселелер бойынша: инженерлік желілер құрылысын жобалау жүргізіліп, 30 шақырым сумен жабдықтау желісі, 15 шақырым тұрмыстық кәріз желісі, 23 шақырым нөсер кәрізі желісі іске қосылды. Сол сияқты аудан аумағын-

дағы Қозыбасы, Бурабай, Ақарыс, Ертіс, Жайық, Еділ, Дегеріс және т.б. көшелердің жолы жөнделді.

Тұрғындармен кездесуге келген Нұр-Сұлтан қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының, мердігерлік ұйымдардың, жергілікті полиция қызметінің және Gorsvet, «Астана-Зеленстрой» ЖШС, экожүйе





Кеңес дәуіріне дейінгі баспасөз бетінде Ұлт ұстазының ақындық, ағартушылық және қазақша жазуға емле түзу бастамасына орай айтылған танымдық сипаттағы мақалалардың жариялануы ұнамды құбылыс болды. «Айқаптың» 1912 жылғы №4 және 5 санындағы «Жазу тәртібі» атты мақаласы пікірталас туғызып, бұл турасында өз көзқарасын ашық білдірушілер болды. Мысалы, Ж.Шияшовтың «Бірге қозғалалық» Азамат Алашұлының (М.Дулатұлы) «Жазу тәртібі». Уалиолла Халилидің «Тілді сақтаушылық» т.б. мақалалар жарық көрді. Ж.Шияшовтың Ахаңның жазуды бір тәртіпке салып әліппе бастыруға деген ниетін қолдағанымен, А.Алашұлы өз мақаласында айтқандай: «А.Байтұрсынұлының жазу тәртібін тіпті басқаша түсінген, дұрысын айтқанда, түсінбеген. Бұл кісі жазу тәртібінің дұрыс, терісін өз алдына тексеруден бұрын, ноғайлардың әліппе жазушыларынан басқа жол іздегені үшін қатты ренжіген». Ал өз ойын «Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес. Журнал оқушылар сынасын дегенде әркім басына келгенін жазатұғын болса, ешуақытта ойды бір жерге қорытып болмайды. Бұл турасында сынаушылар да байқап жазарға керек» дей келе өз басының А.Байтұрсынұлының жазу тәртібін ұнатқанын жазып, ұсыныстарын да білдіреді.

Бұларда Ахаңның халқы үшін қамығып жүріп жасап жатқан еңбегі туралы ғана сөз болса, қостанайлық Уалиолла Халили ұлт әдебиетіндегі тұлғалық орнын бағалауға ұмтылған. «Бізге бұл күнде басшы болған, халыққа үлгі көргізіп жігіттеріміз жоқ емес қой. Мынау «Маса» мен «Қырық мысалды» жазушы А.Байтұрсынұлы секілді ерлерді халық қызметшісі деуге болады. Және де «Айқап» журналы пен «Қазақ» газетінде халыққа жол-жөн көргізген қызметтерін біздерге ұмытуға керек пе еді?! А.Байтұрсынұнов епненің «Жалғыз қаз келгенменен жаз бола ма дегені сияқты алты миллионнан артық қазақ халқы үшін бір газат пен бір журнал шыққанменен халықтың сусыны басылмайды ғой» деп ой қорыттындауы ахметтану ілімінде алғаш айтылуымен құнды.


Бұлардан басқа әдебиет және кітаптар, шығармаларға бөйге жариялау туралы сөз болған мақалаларда тек жанама түрде ғана жазылды. Ал тарихи тұрғыдан келгенде, А.Байтұрсынұлы ұлттық әдебиеттің көрнекті өкілі ретінде танытуда алғаш сөз қозғаған Ә.Бөкейхан болатын. Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан «Мұсылман сиезі» атты мақаласында ақындық талантын «Ақын ініме» және «Мен бұқтым жаттым» деген өлеңдерінен нақты мысал келтіре дәлелдеуге жол бастады.

«Түрік затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып қалың отырған іргелі ел жоқ. Біздің тілді қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін, біздің кітап жазып, газет, журнал шығара бастағанымызға осы 3-4 жыл ғана арасында. Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта» деп Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан т.б., барлығы 18 өлеңді мысалға келтіріп – «Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалайша жоқ болады. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бөйгесін алар: Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, «Тарғыннан» хәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой» деп жазады.

Ә.Бөкейхан А.Байтұрсынұлы туралы сол кезең үшін үлгілік мәні зор пікірін «Роман бәйгесі» атты мақаласында тағы да қайталайды. Онда Ахаңды роман бөйгесіне әділқазы болар дәрежедегі қалам қайраткері ретінде танытады. «Әлі де болса,

АХМЕТТАНУ ІЛІМІНІҢ БАСТАУЛАРЫ

Қазақтың ұшан-қиыр даласына, алдағы түрлі байлықтарға, өзен-суына қызығып, ерте заманнан жұтып қоюға ұмтылған екі елдің ортасында қанды шеңгелге шөре-шөреге түскен, бұлқынумен күн өткізген жұртқа жоқшылар, жанашырлар қажет еді. Сол жоқшы, сол жанашыр шоқ жұлдыздың ең ірісі, күні бүгінге дейін сәулесі үзілмеген кемелдісі – Ахмет Байтұрсынұлы.



кітаптарды сыншы болам деген кісілерге поштамен жіберіп, бұлардың сын мақаласын жиып, мұны кісі саны аз, жазушы басы құраулы Семей (Шаһкерім бар), Орынбор (Ахмет, Міржақып бар), Троицкінің (Бақытжан. Мұхамеджан бар) бірінде комитет қарағаны дұрыс» деп жазады.

Бұдан соң әдебиеттен Еуропалық деңгейдегі білім-парасаты бола тұрса да, «Роман сыны маған қол емес» деп бөйгеге түскен шығармаларды қарауға ықыласы жоқ екенін ескертіп өтеді де, «Бірақ бұл күнде қазы атаған соң, бұдан қашу маған жол емес» деп амалсыз келіседі. Яғни роман жарысына тек қана көрем шығарма жазған ақын-жазушылар қазылық ету керек деп санайды. Оны «Мәдени жұртта көркем кітап жазып отыратын Ахмет, Міржақып газетаның уақ ісіне есіл ғұмырын байлап отыр. Білгенді қылам дегенге жұрт керегі қойып жатыр ма: Шаһкерім, Ахмет, Міржақып (бұлар Апалоннан бата алған жоқ) жеріме түсті демесе, мен сыншы парызын өтеуге құл болдым» деп өкініш білдіреді.

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті – жалпы ағартушылық-демократиялық қозғалыстар, қиян-кескі соғыстар, ұлы өзгерістер мен қозғалыстар дәуірі тарихын көрсететін әдебиет. Бірақ ұзақ уақыт бойы тұмшаланған тыныс-тіршілік сол қозғалыс дәуірі шындығын танып білуге, айқын көріп, сезінуге мүмкіншілік бермеді. Алайда А.Байтұрсынұлының ғалымдық, ақындық, публицистикалық шығармалары мен қайраткерлік істері өз кезінде, яғни көзі тірісінде-ақ аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдарының тарихи тұжырымдары орны ерекше.

Ұлт ұстазының ұлт әдебиеті тарихында алдыңғы қатарда алатын орны туралы бағалаушылық мәндегі пікірлердің алғаш жазылуы 1919 жылдан басталды деп санау керек. Ол ұлт қайраткерлерінің бірі С.Садуақасовтың осы «Киргизская литература» (историко-критический очерк) деп аталатын мақаласынан. Бұл зерттеу 1919 жылы Омбыдағы «Трудовая Сибирь» журналының №1 санында жарияланған еді. Басылымының №1 санында болуының өзінен-ақ, ол осы

жылдың басында жарияланғанын дәлелдеп тұр. Ендеше ең тұңғыш айтылған баға десек, қателеспейміз.

Автор зерттеуінде ақын-жыраулар мұрасын шөла келе, Абай, М.Ж.Көпеев шығармашылықтарына тоқталады. «Айқап», «Қазақ» секілді қазақ баспасөзінің ұлт әдебиетін дамытудағы маңызына талдау жасады. «Қазақ» газетінің, оның редакторы Ахмет Байтұрсынұлының болашақ қазақ оқығандарының адастырмас ақ жолға жөн көрсетушісі, бағыт



Алаш арыстарының 1929-30 жылдары алғаш ұсталуынан соң, олардың ғылыми зерттеулері мен А.Байтұрсынұлы өзі жазған және басшылық жасаған бүкіл оқулықтарды орта мектеп пен оқу орындарында пайдалануға тыйым салынды. Ғылыми әдіснамалық тұрғыда көшбасшы болмақ түгілі, әдіс-темелік жағынан да оқу ағарту саласынан аластап тасталды

сілтеушісі болғаны әділ жазылды. Бұл мақаланың ахметтану іліміндегі маңызы өте зор. Себебі А.Байтұрсынұлы тұңғыш рет ұлттық әдебиет тарихында көрнекті тұлға ретінде бағаланды. Алғаш айтылуымен құнды бұл бағаны толық келтірейік.

«Огромную услугу киргизской литературе оказал А.Байтұрсынұв, редактор газеты «Казак». Он первый пионер в области создания чисто киргизского языка: составил первую киргизскую азбуку и грамматику (до этого киргизы пользовались рабской азбукой). А.Байтұрсы-

нов поэт-народник и духовный учитель молодежи. Он перевел почти все басни Крылова, снабдив каждую соответствующими заключениями и приспособив к обличению беспечной жизни киргизов» деген бағалаушылық пікірі алғаш айтылуымен құнды. Ендеше С.Садуақасов есімі ахметтануда А.Сомойловичпен қатар тұруы заңды болмақ.

Бұл пікірдің маңызы да сол – қазір аузымыздан түспей жүрген «А.Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы, рухани көсем» деген ұғымның сол кездің өзінде айтылып, тарихи тұрғыдағы әділ бағалаудың айтылуы. Ендеше А.Байтұрсынұлының ұлт руханияты мен әдебиет тарихында алатын орны осы 1919 жылы шыққан А.Сомойловичтің «Түркі халықтарының әдебиеті» (Шығыс әдебиеті баспасы, Петербор) кітабындағы «Байтұрсынұв Ахмет Байтұрсынұлы» деген мақаласынан бұрын жарық көрген. Алайда ғалымның 6 томдық шығармалар жинағының алтыншы томындағы «Ахметтану ғылымының негіздері» аталатын тарауда С.Садуақасовтың осы «Киргизская литература» (историко-критический очерк) деп аталатын мақаласы аталмай, назардан тыс қалып қойған.

1920 жылы Орынборда Қазақ өлкесі Советтерінің Құрылтай съезінде Қазақ АССР-і құрылып, Орынбор 1920-1922 жылдары оның астанасы болып, қазақ зиялыларының едәуір бөлігі сонда шоғырланды. Олар Орынборда сол кезде ұйымдастырылған «Қырғыз (Қазақ) өлкесін зерттеу қоғамының» жұмысына белсене араласты. Ахмет Байтұрсынұлы сол қоғамның мүшесі әрі басқарушысы болған. Осы қоғам бірнеше жыл бойы Орынборда «Труды общества изучения киргизского края» деген жинақты орыс тілінде шығарып тұрған. Осы жинақта А.Байтұрсынұвтың 50 жасқа толуына арналған мақалалар жарияланған. Оның бірі – М. Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұвич Байтұрсынұв», екіншісі – Е.Омаровтың «Ученая деятельность Ахмет Байтұрсынұвич Байтұрсынұва» мақалалары. Е.Омаров өз мақаласында Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық қызметіне назар аударып, қазақ грамматикасына сіңірген еңбегін жоғары бағалайды.

М.Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұвич Байтұрсынұв» деген мақаласындағы тарихи фактілер, деректер күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Мақалада автор Ахмет Байтұрсынұвтың өмірбаянына кеңінен тоқталады. 13 жасында әкесінен, туған-туысқандарынан еріксіз айрылған Ахметтің кейін Торғай-білімдар азаматқа айналғанын жазады. Ақаңның «Қырық мысал», «Маса» еңбектерінде патша саясатын қатал сынап, оған қарсы күрескенін дәл көрсетеді. «Благодаря А.Байтұрсынұву, хотя бессознательно, но на самом деле подававшаяся обрусению и отатариванию часть киргизской интеллигенции живо опомнилась и стала создавать и исправлять свои ошибки. Даже бывали такие курьезные случаи: учащаяся молодежь в некоторых русских учебных заведениях в целях сохранения чистоты киргизского языка, обуславливалась разговаривать между собой обязательно по киргизский, в случае нарушения кем-либо этого правила виновный за каждое случайно вылетевшее не киргизское слово платил 3-5 коп. Штрафа в пользу ученических кружков, – деп жазды.

Ахметтану ілімінің ізашары саналатын мақалалардың орыс тілінде жариялануының өзіндік мәні де бар. Осы С.Садуақасов пен А.Сомойловичтің мақалаларынан кейін ол Е.Д.Поливановтың «Қазақ-қырғыздың жаңа (Байтұрсынұвтық) емлесі (1924), Н.Ф.Яковлевтің «Әліппе құрылымының математикалық жүйесі (1928) секілді зерттеулерге жалғасты. Алайда оларға Ахаңның 50 жылдық мерейтойына байланысты мақалалар негіз болғаны – қапысыз шындық.

Ақын, публицист, ғалымдық туралы маңызды еңбектер, көркем ойлар, негізінен, Ахаңның туғанына елу жыл толу мерейтойы тұсында жарияланды да ахметтану ілімнің негізі берік қаланды. А.Байтұрсынұлының әлеуметтік істерін, шығармашылығын, дүниетанымын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ»

газетіне (30.01.1923) «Ахмет Байтұрсынұв елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды». Бұл Ахаңа берілген әділ де шыншыл тарихи баға еді. «Қазақ халқың байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. Ахмет Байтұрсынұлы ұлттың шын сүйетін шын ұлтшыл» деген тұжырымды ойдың айтылуы алашшылдарға қарсы теріс көзқарастардың туындап тұрған кезінде айтылуы ерлікпен пара-пар еді.

1923 жылы А.Байтұрсынұлының 50 жылдығы тұсында Сәкен тағы да мақала жазып, Ұлт ұстазын қорғады. Ә.Әйтиевтің «Степная правда газетінде жазған «Фактические поправки» мақаласындағы «Алашты жасағандардың бірі Ахметтің өзі емес пе?» деген сынына, «Еңбекші қазақ» газеті (04.02.1923) арқылы Сәкен «Тағы да Ахаң туралы. Әйтиевке жауап» мақаласымен жауап берді. «Олардың ішінде шеңкүмар, жалған ұлтшылдар болды. Ахмет әйтеуір қазаққа қызмет қыламын деп солармен бірге болды... Ахметтің коммунист партиясына ере алмай шығып қалуына үлкен себеп – өзінің шын нәзік жанды ұлтшылдығы. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз Ахмет еді» деп нақтылады.

Осы мерейтойға арналған мақаласында М.Әуезовтің: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепте оқып шыққаны табалдырығынан жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш» деген сөздерінен «Қазақ» газеті Ахмет Байтұрсынұлы арқылы үлкендердің ақылшысы, кішілердің тәрбиешісі болғанын байқаймыз.

Алаш арыстарының 1929-30 жылдары алғаш ұсталуынан соң, олардың ғылыми зерттеулері мен А.Байтұрсынұлы өзі жазған және басшылық жасаған бүкіл оқулықтарды орта мектеп пен оқу орындарында пайдалануға тыйым салынды. Ғылыми әдіснамалық тұрғыда көшбасшы болмақ түгілі, әдіс-темелік жағынан да оқу ағарту саласынан аластап тасталды. Партиялық қаулыларға сай қазақ әдебиеті жеке пән ретінде мектептің оқу жоспарына кіріп, 1932 жылы тұңғыш бағдарламасы жасалды. Онда 1930 жылдардың бас кезінде мектептер мен оқу орындарында тұрақты оқу құралдар жасалуын қажет еткен уақыт, заман талабы қазақ әдебиеті тарихының кеңес дәуіріндегі әдебиеттен де басқа дәуірлерінің тарихи курсына да оқыту керектігін айқындап берді.

Жандос СМАҒҰЛ,
филология ғылымдарының докторы, профессор
(Жалғасы бар)

Өркениет көшіне ілесемін дейтін мемлекет сандық және сапалық деңгейі өсуіне маңыз беріп, біз қаншамыз, қанша өндіреміз, қанша тұтынамыз, қайтіп тұтынамыз деген сұрақтарға жауап іздеп, соған сай жұмыс істейді.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

САННАН САПА ШЫҒАДЫ

Рас елдің дамуына халықтың саны ықпал етеді. Әсіресе еңбек ресурсында шешуші мәнге ие. Қытайдың экономикалық тұрғыда қарқынды дамуында арзан еңбек ресурсының әсері мол. Еңбек құнының арзан болуы, тауарды арзандатып, соның салдарынан сұранысты арттырады. Бұл өз кезегінде кіріс көзіне әсер етеді.

Саннан сапа шығады, ал, сапалы ұлт бәсекеге қабілетті болады. Түркияның Конья қаласында өткен Ислам ойынында Өзбекстан құрама командасы Иран, Әзірбайжан және Қазақстаннан жоғары көтеріліп, жалпы командалық есепте 2-ші орыннан көрінді. Бұл елдің спортшылары 158 медаль жинаса, соның 51-і алтын, 42-і күміс, 65-і қола медаль. Қазір көрші ел халқының саны – 35 миллионнан асты. Яғни спорттың қай саласында болмасын бәсеке жоғары. Бәсеке болған жерде сапа артатыны белгілі жайт.

Санымыз аз, жеріміз кең. Құдай сақтасын, басқыншылар шекараға көз салмасын. Салса, 13 394 шақырымға созылып жатқан шекарамызға бүкіл әскерді жұмылдыру аздақ етеді. Бүгінде Украина Ресей әскеріне тойтарыс беруде. Әрине, оған жан-жақты фактор әсер етеді. Ең маңыздысы, украин халқының саны аз емес, 43 миллионнан асады.

Міне, сан мен сапаға байланысты үш дәлел-дәйек келтірдік. Демек, демографиялық көрсеткішке мән беру – стратегиялық маңызды міндеттің бірі.

Халықтың өсіміне алаңдаған қаламгер Қамал Смайылов қаламдас досы Шераға хат жазып:

– 1959 жылы 18-49 жас аралығындағы қазақ әйелдері мың балаға шаққанда 220 нәресте туған болса, 1995 жылы осыныша әйел-анадан 90 сәби ғана дүниеге келді. Яғни 2,5 есеге кеміді. Осы қалпымен бара берсе, онда Мақаш Тәтмөв айтқандай, ХХІ ғасырда қазақ халқы табиғи өсімі таза тоқтайды, – деп алаңдаушылық білдіреді.

Қазақ журналистикасының қара нары Шераға табиғи өсімінің шектелуі себебін: «Бұрындары «Алтын алқалы», «Күміс алқалы» аналар тізімі газет бетіне сыймай жататын. Қайда солар қазір? Үкімет тарашынан оларға қолдау сарқылған. Өз балаларын тумай жатып жұтып қоятын, туған соң да жеп қоятын ұлтта болашақ жоқ!» дейді.

Жазушының «жұтып қоятын», «жеп қоятын» деген сөзінің астарында жасанды түсік, бедеулік пен белсіздіктің көбейгенін меңзеп, ұлтқа қауіп төндіретін кесел екенін жазады...

Демограф-ғалым Мақаш Тәтмөв: «1690-1990 жылдары болған халықты ыдырата, қырып-тозудың салдарынан қазақтар жалпы саны 5 миллион 950 мың адамнан айырылды. Оның орнын жуық арада толтыру мүмкін емес» деп тұжырымдайды.

Озық елдер әлеуметтік-экономикалық көрсеткішпен бірге халықтың табиғи өсіміне мемлекеттік деңгейде мән береді. Өйткені табиғи өсім болмаса, бүгінгі жетістік ертең жоқ болатынын жақсы біледі.

ӘЛЕМДЕГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

2021 жылғы статистика бойынша әлемнің 224 елінде 7 миллиард 895 миллион адам тұрады. Жер бетіндегі адамдардың жалпы санының 18,3 пайызын Қытайдың халқы құрайды. Онда 1 миллиард 447 миллион адамға жетті. Әрі 1 шаршы шақырымға 150 адамнан келеді. Екінші орында Үндістан тұр. Бұл елде жаһанның 17,7 пайыз тұрғыны тұрады. Халық саны – 1 миллиард 398 миллион адам.

Үздік ондыққа АҚШ, Индонезия, Пәкістан, Бразилия, Нигерия, Бангладеш, Ресей, Мексика кіреді. Бұл елдерде



САНЫМЫЗ ӨСПЕЙ, ӨРКЕНДЕУ ЖОҚ

жер бетіндегі халықтың 21 пайызы өмір сүреді.

Кезінде шексізін қарап, менсінбей жүрген өзбектердің саны 90 жылдармен салыстырғанда 2 есеге артты. Олар әлемде халық саны жөнінде 41-орында тұр. Бұл елде 1 шаршы шақырым жерде 75,9 тұрғын қоныстанады.

Енді Қазақстан мен Өзбекстанның демографиялық көрсеткішін салыстыра сараласақ, 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша Қазақстанда 16 миллион 536 мың адам болса, Өзбекстанның халық саны – 19 миллион 810 мың адамды құрады.

Өзбекстанда әр 5 жыл сайын 2 миллион адамнан қосылды. Мәселен, 2000 жылы – 24 миллион 591 мың, 2005 жылы – 26 миллион 254 мың, 2010 жылы – 28 миллион 292 мың, 2015 жылы – 30 миллион 680 мың, 2020 жылы – 33 миллион 226 мың адамға жетті.

Қазақстанда 2000 жылы – 14 миллион 900 мың, 2005 жылы – 15 миллион 75 мың, 2010 жылы – 16 миллион 204 мың, 2015 жылы – 17 миллион 417 мың, 2020 жылы – 18 миллион 632 мың адамға жетті.

Статистикалық мәліметтерден 30 жылда Өзбекстан халқына 14 млн адам қосылса, Қазақстанда 2 млн адамға ғана көбейгеніне көз жеткізуге болады. Неге? Бұл сұраққа жауапты академик Мәлім-Айдар Асылбековтің «Қазахи (демографические тенденции 80-90 годов)» атты еңбегінен табуға болады. «Қазақстан халқы 1989-1999 жылдар аралығында 1,5 миллионнан астам адамға, яғни 8,2 пайызға азайды. Халық санының азаюы 2002 жылға дейін созылып, 2003 жылдан бастап аз да болса өсе бастады. 2005 жылдың басында 15 миллионнан асты. Бұл жағдайдың негізгі себебі тек 1991-1999 жылдарда сыртқа кеткен көші-қон нәтижесінде республика халқы 1 миллион 54 мың адамға кеміді».

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Жалпы Қазақстанда 2000 жылдардан бері табиғи өсім қарқынды. Мәселен, табиғи өсім: 2000 жылы – 72276, 2005 жылы – 121680, 2010 жылы – 221680, 2015 жылы – 267647, 2020 жылы – 265491 адамға жетті.

Алайда өңірлердегі халықтың өсімі біркелкі емес. Нақты деректерді келтіретін болсақ, 2021 жылы Түркістан облысында 36734-ке, Шымкент қаласында 27973-ке, Нұр-Сұлтан қаласында 24734 адамға көбейді. Павлодар облысында бір жылда небәрі 1345 адам қосылды. Керісінше, Қостанай облысында – 984, Солтүстік Қазақстан облысында – 1345 адамға кеміді.

Есідің бойында елорданың еңсе тіктеуімен ішкі миграцияға қан жүгіріп, Нұр-Сұлтан қаласы миллион тұрғыны бар мегаполиске айналды.

Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек, 1999 жылғы санақ нәтижесі

бойынша Ақмола облысының халқының саны 318 мың адамды құрады. 2000 жылы – 381 мың, 2005 жылы – 529 мың, 2010 жылы – 719 мың, 2015 жылы – 872 мың, 2020 жылы – 1 миллион 149 мың адамға жетті.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бала туу көрсеткіші төмендеді. 2021 жылғы қаңтар-сәуір айында 137,4 мың бала туса, 2022 жылы қаңтар-сәуір айында 127 мың сәби туды. Тағы бір мәселе, биыл туған сәбиге қарағанда, шетінегеннің саны 0,4 пайызға артты. Шет елдегідей бір-екі баламен шектелу жағдайы бізде де көбейді. Егер мұндай қорқынышты жағдай көбейсе берсе, ертеңгі күні халық санының азаюына ықпалын тигізгері сөзсіз.

Бұл ойды демограф Шынар Пазылбекқызының мәліметтері жұбатады. 2019 жылы елдегі бір әйелге орташа есеппен алғанда 2,9 баладан келсе, 2020 жылы – 3,1 баладан, 2021 жылы – 3,3 баладан келді.

Алайда, әлеуметтанушылар мен демографтардың пікірінше, қазіргі бала туу көрсеткіші жоғары болуда 2000 жылға дейінгі қыз-келіншектердің үлесі басым. Жаңа көзқараспен қалыптасқан кейінгі буынның бала тууға көзқарасы қандай? Мұны да терең зерттеу керек. Ал, мұндай жауапты іспен шұғылданытын институт елде жоқ. Тек демографиялық ахуалды зерттеп, зерделейтін Президенттің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия ғана.

Бір жағынан, бүгінгі демографиялық дүмпуді әлеуметтік тұрғыда толық қамтамасыз етуде ресми және жергілікті билік қауқарсыздық танытуда. Мәселен, бастауыш сыныпқа оқушылардың көптеп барып, сыныптардың жетіспеушілігі қалыптасуда. Елдегі әйелдер мен еркектердің арақатынасы да алшақтап, әйелдердің саны ерлерден жарты миллионға артып, жылдан жылға ажырасу фактісі көбейді. Мұның бәрі бала туу көрсеткішіне кері әсер ететіні белгілі.

Бала туу көрсеткішісі төмен облыстар: Солтүстік Қазақстан (100 адамға –27,7), Қостанай (100 адамға – 22,2), Шығыс Қазақстан (100 адамға – 14,5), Павлодар (100 адамға – 13,4). Аталған облыстарда бала туу көрсеткіші және т.б. факторлардың әсерінен халық саны кеміді. Оны 2020 жылды 2022 жылмен салыстырып, көз жеткізуге болады. Мәселен, Солтүстік Қазақстанда соңғы екі жылда 11707, Қостанай облысында 10691, Шығыс Қазақстанда 13198, Павлодар облысында 5112 адамға кеміді.

ӨСУГЕ НЕ КЕДЕРГІ?

Әрине, елдің саны мен сапасы артуында тек табиғи өсімнен бөлек өзге факторлар бар. Оған ассимиляция және миграциялық процестің де ықпалы зор.

Бір кездері ұлыстарды ассимиляциялап отырған қазақ ұлтының қазір ондай рухани қауқары жоқ. Өзге ұлтты қазақтандырмақ түгілі, үйіргелік



Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек, 1999 жылғы санақ нәтижесі бойынша Ақмола облысының халқының саны 318 мың адамды құрады. Нұр-Сұлтан қаласында 2000 жылы – 381 мың, 2005 жылы – 529 мың, 2010 жылы – 719 мың, 2015 жылы – 872 мың, 2020 жылы – 1 миллион 149 мың, 2022 жылы – 1 миллион 267 мың адамға жетті

ауласындағы өзінің баласына ұлттық тәлім-тәрбие сіндіре алмай отыр. Ал, Өзбекстан құрамындағы ұлттарды ассимиляциялап, азшылық ұлттарды өзіне сіндіріп алуға. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Аққорған ауылдық округіне Өзбекстаннан бір отбасы «ағайынның ортасында болайын» деп, көшіп келді. Ағайын деп келгенімен, әлгі отбасы қатты қиналды. Сөйтсе, туу туралы куәлігінде «қазақ», жеке куәлігінде «өзбек» деп жазылыпты. Соның салдарынан «қандас» статусын ала алмай, жергілікті жерге тіркеле алмай, әбден әуреге түсті. Мұндай отбасы көрші елде мындап саналатыны айдаң анық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері миграциялық үрдіспен 1 миллион 90 мың этникалық қазақ елге оралды. Миграцияның экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және этникалық процестерге елеулі әсер ететіні анық. Олардың арасында ғалымдар, өнер және мәдениет саласының майталман мамандары бар. Яғни елдің рухани-мәдени өмірі түрленіп, жаңғыруына елеулі үлес қосып келеді.

Туу коэффициентінің төмендеуіне қазақ қоғамының көпбалалы отбасының шағын отбасыға көшуі, яғни бұрынғыдай 8-12 балалы отбасылар, 3-5 балаға ауысты. Мәселен, елде жәрдемақы алып отырған 15 баласы бар 1 ғана отбасы және 10 баласы бар 168 отбасы тұрады. Ал, 30-40 жыл бұрын бір отбасының өзінде 12-15 баласы бар отбасылар мындап саналатын еді. 2021 жылдың 1 қаңтарына 23 жасқа дейінгі 4 және одан да көп баласы бар отбасылар саны – 457 499 құрады.

Урбанизацияның әсерін жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, 1897 жылы қаладағы қазақтың саны 1 пайыз болса,

1926 жылы 8,4 пайыз, 1939 жылы 27 пайыз, 2022 жылы бұл көрсеткіш 61,2 пайызды құрады. Бір ғана Қарағанды облысының 80 пайызы қалада қоныстанды. Қалада көпбалалы отбасылар үшін өмір сүру қолайлы дей алмаймыз. Ең бірінші пәтер мәселесі алдымыздан шығады. Ел бойынша 457499 көпбалалы отбасы болса, соның 207168-де ғана жылжымайтын мүлік тіркелді. Бұл дегеніңіз, елде көпбалалы отбасылардың әлеуметтік мәселесі толық шешілмегенін көрсетеді.

ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ БАР?

Құрсақ көтеруге ынталандыру, өлім-жітімді төмендету, миграциялық тасқынды реттеу, оның ішінде қандастарға арналған жай салынғы квота санын арттыру секілді бірқатар маңызды шараларды қамтып, елдің демографиялық ахуалын жақсартуға жұмыстар жасалуда.

«Батыр ана» атағын алған, «Алтын алқа» немесе «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналар көлік салығын төлеуден босатылады (салық салынатын бір көлік үшін), жеке тұлғалардың меншігіне (тұрғын үй) жатады.

2005 жылы «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заң қабылданып, балалы отбасыларды қолдаудың тұтас моделі қалыптасты. Төрт және одан да көп көмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасылар үшін жәрдемақы төленеді. Оның мөлшері 2020 жылдан бастап айтарлықтай өсіп: төрт балаға – 16,03, бес балаға – 20,04, алты балаға – 24,05, жеті балаға – 28,06 айлық есептік көрсеткіш, сондай-ақ сегіз және одан да көп балалы отбасылар үшін – әрбір балаға 4 айлық есептік көрсеткіш. Алайда жәрдемақы инфляциялық өсімге қаншалықты жауап береді, бүгінгі қымбатшылық жағдайында бір балаға жеткілікті ме? Бұл – бөлек сұрақ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында 2024 жылдан бастап 18 жасқа толмаған барлық баланың атына арнаулы шот ашылып, бұл қаржы баланың оқуына немесе пәтер алуына жұмсайтынын айтты. Бұл да отбасыларды әлеуметтік тұрғыда қолдаудың айқын тетігі емес пе?!

Әлем елдері демографиялық өсімге алаңдаушылық білдіріп, бала туу көрсеткішін көтеруге мән береді. Қазір Еуропалық Одақ елдерінде бала туу бір әйелге 1,55 баланы құрайды.

Англияда көпбалалы отбасыларды қолдаудың әлеуметтік пакетіне: балаға арналған жәрдемақы; бала күтімі бойынша жәрдемақы; бала күтімі бойынша грант; оқыту бойынша жәрдемақы; ресми декреттік демалыс; тұңғышының тууы бойынша грант; тегін тамақтану; «Салауатты бастау» бағдарламасы бойынша қолдау; қамқоршының жәрдемақысы; ата-аналарды оқытуға арналған жәрдемақы және т.б. кіреді.

Польшада отбасыларды қолдау және бала тууды ынталандыруға арналған алты арнайы бағдарлама бар. Соның бірнәшесіне тоқталатын болсақ, «Отбасы 500+» бағдарламасы. Бала тәрбиесіне арналған жәрдемақы отбасының табысына қарамастан, әрбір балаға 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға төленеді. Жәрдемақы мөлшері – 500 злоты және мүмкіндігі шектеулі балаға – 1 200 злоты құрайды. Айына қосымша 500 злоты асырап алушы отбасыларға төленеді. «Жақсы бастама» жәрдемақысы әрбір бала бірінші оқу жылынан бастап, отбасы табысына қарамастан, ол 20 жасқа (немесе мүгедек балалар үшін 24 жасқа) толғанға дейін жыл сайын төленеді. Бір реттік жәрдемақы мөлшері әр жылға 300 злоты құрайды.

Швецияда жәрдемақы 16 жасқа дейінгі балалары және медициналық сақтандыруы бар отбасыға төленеді. Балаға арналған кеңейтілген жәрдемақы бала мектепте оқыған жағдайда беріледі. Оның ай сайынғы жәрдемақы мөлшері – 1 250 швед крон құрайды. Көпбалалы отбасыларға қосымша ақы 1050 швед кроны төленеді.

Ресейде көпбалалы отбасыларды қолдау келесі түрде жүзеге асырылады: біржолғы төлемдерді, ай сайынғы төлемдерді, жер учаскесін беру, орденмен марапаттау.

P.S: Түрік әлемінің қарашаңырағы саналатын қазақтардың кемелді келешегі саны мен сапасына тікелей байланысты. Ол үшін бізге көбею керек, көбею керек...



Дүние есігін ашқанына алпыс жыл толып отырған Алтынбек туралы толғаныс – маған әрі оңай әрі ауыр. Оңай болатыны – 43 жыл бұрын тағдыр бізді ҚазГУ-дың журфак-інде тоғыстырды, арасында ол үш жылдай Мәскеуде, атақты МГУ-де оқып қайтты. Өзге уақыттың бәрінде бір-бірімізден алыс кетіп, ұзақ көз жазған емеспіз. Бәрі де алақандағыдай айқын.

Еркін ҚЫДЫР

Ауыр болатыны – Алтынбектің ауыздықпен алысқан адуын ақбоз аты мәреге жете алмай орта жолда омақаса құлады. Дәлірек айтқанда, құлатты. Анығына барсақ, тасада тұрып оқ ататын Батыраш пен Қотыраштар қолынан мерт болды жасын-тағдыр. Ашындыратыны да, омындыратыны да, өкпіндіретіні де – осы.

Осыдан он алты жыл бұрын ақпанда өткен Алматыдағы қаралы жиында мен Алтынбектің достары атынан сөз алдым. Оның үлкен жүрегін, тектілігін, қамқор көңілін, мәрттігін екі-үш ауыз сөзбен түйіп айту, әрине, қиын еді. Алтынбектің адами, кісілік, адамгершілік келбетін көрсетуге тырыстым, айттым да, айтуға тиісті де едім, мен айтпасам, кім айтады? Тіпті сол жолын үстінде сөз алған саясат серкелері Алтынбектің соңғы екі-үш жылдағы саяси қызметте, билікке оппозициялық көзқарастағы партия басшылығында жүрген сәттеріне ғана баға берумен шектеле бергені менің ішімді тырналап, өксігімді ұлғайтқандай еді... Тәйтәй басқан елдің кергесін берік етуге, шаңырағын биік етуге Сәрсенбайұлының қаншалық үлес қосқанын өзге білмесе де солар анық бағамдар еді ғой. Соны баса айтса, Алтынбектің рухына ғана емес, елдігімізге көрсеткен құрмет болар еді, саяси мәдениетіміздің деңгейін танытар еді.

Алтынбек о бастан, сонау біз алғаш танысып, біліскен, достасқан бозбала шағында-ақ өзіндік пікірін дәлелдей, қорғай білетін, қастерлей білетін азамат еді. Қарасазда қора салып жатқан сәтте айдаладағы Куба боксшылары үшін екеуіміз кәдімгідей шексіз, бір-бірімізге қол жұмсап, осы Шәмшілер әзер татуластырған. Оның осы мінезі өзгерген жоқ, өзімен бірге кетті.

Біз – ҚазГУ-градта, 5-жатақханада бірге тұрған достары, Алтынбек пен Дарханның жағдайын біліп әрі әлемнің жартысына жуығын уысында ұстаған қызыл империя орталығының аужайын байқау, ауасымен тыныстау, қызықтау үшін Мәскеуге жиі баратынбыз. Қонақ үйдің құнын студенттің қалтасы қайдан көтерсін, туысқан Вьетнам елінің өкіліміз деп МГУ-дің Аспиранттар мен студенттер үйінің «қатал қарауынан» еркін өтуші едік. Содан қайтадан бір бөлмеде тоғысып, түнімен сыр ақтаратынбыз. Әңгіме көбіне



Алтынбектің ата-анасы

Отызында-ақ атқа мініп, министр лауазымын иелеген Алтынбектің көзі жетіп, көңілі құламаған жайды қолпаштағанын, өзінен лауазымы жоғарылар алдында бас шұлғып, құзырына құлдық ұрғанын, «лөппай, тақсыр» дегенін естіген де көрген де емеспіз. Білім мен жігеріне сүйенген Алтынбек көбіне томаға-тұйық жүретін, әсіресе билік дәліздеріндегі қалтарыстар туралы сыр шаша бермеуші еді. Замандастарымен, біз сияқты құрдастарымен салыстыра қарағанда ойы да, бойы да кексе көрінетін

қазақтың тарихы, қазақтың ертеңгі бұлыңғыр тағдыры туралы өрбуші еді. Мұндайда, әрине, әңгімеге тамызық тастап, отты әзілімен бізді қаузап, қозғап отыратын – Алтынбек. Сол бір тымырсық кезеңде Кремльдің жанында мұндай тақырыпқа

ОТЫЗЫНДА ОРДА БҰЗҒАН...

пікірталас өткізу де қауіпті еді. Бірақ біз жасыз ғой, оның байыбына барып жатпадық.

Кемелденген социализмнің, яки тоқырау кезеңінің соңы мен қайта құру қарсаңында саяси сілкіністердің ордасына айналған Мәскеуде, студенттік кезеңде өткізген 3-4 жыл мерзім Алтынбектің болашақ тағдырына өшпес із қалдырған уақыт болды. Жанаша ойлау жүйесі, тыйым салынған кітаптар, тақырыптар, кино және қойылымдар, жаңа басылымдар, жаңа ағымдар, жаңа адамдар, жаңа ойшылдар, жаңаша пайым-көзқарас. Алла әмірімен, тағдыр жазуымен көп ұзамай-ақ тәуелсіз өз елінде үлкен саясатқа белсене араласқан Алтынбек үшін кең шеңберде, үлкен ауқымда, геосаяси ерекшеліктерді ескере келіп мемлекеттік, елдік, ұлттық тұрғыда ойлау, шешім қабылдау, әрекет етуге алғышарт жасады деп түйер едім. Қызыл империяның ордасы, тоталитарлық жүйе орталығы деп күстеланғанымызбен, сол кездегі Мәскеу – білім-ғылым, мәдениет ордасы, мемлекеттік басқару жүйесі ғасырлар бойы қалыптасып үлкен саясат мектебі болатын. Алтынбек Мәскеу мектебінен үлкен сабақ таусылмас тәлім алды. Ол сүйікті жары Салтанатты да осы Мәскеуде, МГУ-де жолықтыр-

пара-пар еді. Қазақтар қылышын шошандатып, ұлтшылдар алауға жиналатын кезең еді сол заман. Сол он жылда Алтынбек қызыл империя ыдыраған соң қаңқасы ғана қалып, денесін сүйреткен ақпарат, баспасөз, баспа, идеология, руханият саласын өткелектен аман-есен алып шықты, жан бітірді, жаңа сатыға көтерді. Мұны Алтынбектің тұсында осы салада еңбек еткен мыңдаған отандасымыз айта алады. Он жылға жуық министрлік қызметте Алтынбек тәжірибе, бедел, абырой жинады, ықпалы орасан күшейді. Жасыратыны жоқ, әр аймақтан жиналған замандас, пікірлес, білімді, алғыр жігіттердің үлкен лауазым иеленуіне де тікелей себепкер болды. Өресі биік өрендерден таңдап-талғап, қаншама ұлтжанды шәкірт тәрбиеледі, олар елге абыроймен қызмет етіп жатыр. Қауіпсіздік кеңесінің тізгінін қолға алды. Одан кейін елші, сосын саяси қызмет.

Жастайынан-ақ биік лауазым иеленіп, ықпалды қызметтер атқарса да біз, достары, – Алтынбектің асып-тасқан, ісініп, кепкен, ызғар шашқан, «кісілік» көрсеткен кезін көрген емеспіз. Үнемі бірсыдырғы, бірқалыпты. Рас, ол біле бермес жандарға томаға-тұйық, түсі суық, қа-

тал көрінетін. Нәзік жүректі, қамқор көңілді презент екенін жақын біліп, шапағат-нұрына шомылғандар ғана аңғарушы еді. Сонау студент шағында Қожакеев шекпенінің етегін ұстап жүргенде-ақ Алтынбек сатира саласын көп зерттеді, өзі де осы жанрда қалам тартқан. Оның құрдас-достарымен әзіл-қалжыңының өзі үлкен әңгімеге арқау болар еді. Қазақтың қалың ортасынан шыққан, ауылда қазақ мектебін бітірген Алтынбек үшін ең басты мәселе – отаншылдық, мемлекетшілдік еді. Ұзақ жылдар артта қалған колхоздарды басқарып, өрге сүйреген Сәрсенбай әкесінен аскеттік тәрбиені бойына сіңірген Алтынбек Отанға, мемлекетке опасыздық жасау – тексіздік, анасын сатқанмен бірдей деп бағалайтын.

«Отан – отбасынан басталады» деген бір жақсы сөз бар ғой. Алтынбектің жасы келген ата-анасын, аға-апа, бауырларын, сүйген жары мен балаларын қадірлеп-құрметтеуі, қастерлеуі, үнемі қамқор қолын созып жүретіні бізге, замандас достарына ардайым үлгі болды. Үлкен өсіп-өнген әулеттің өкілі болғасын ба, Алтынбек қарапайым әрі көпшілі еді. Мүмкіндігі, жағдайы келіп тұрса да, ол демалысында ше-

телдің қымбат курорттарына тартып кетпей, қасына оншақты досын ертіп, Алтай баурайына, Оқжетпес етегіне немесе кіндік қаны тамған Нарынқолға аттанып, жылқышы, қойшы, аңшының қосында қарапайым ғана өткізетін.

Тіпті соңғы кездері әр жазда Нарынқолдағы Шоғансай, Шалкөдеге аттанушы едік. Туған жердің келбетіне, сұлулығына мейірі, шөлі қанбай жүрді ме екен, кім білсін?! Бабасы Райымбекті пір тұтып, үнемі аруағына сыйынып, мазарына құран оқытып жүретін. Бір жолы түнде Райымбектің кесенесінде құран оқытып, үш-төрт жігіт қазаға көңіл айту үшін Шымкентке шұғыл аттандық. Жолда қарсы келген автобусқа соғыспай, әуіріммен аман қалдық. «Бабаның аруағы қорғады-ау» деді Алтынбек.

Аруақты бабаның кіндігінен тараған таудың текті ұлы тауға, қарлы шыңға, биіктікке ғашық еді, ешкімнің алдында басын иген жоқ, төмендеген жоқ, таудың етегінде жан тапсырды.

ҚазГУ-дың бесінші жатақханасындағы 312-бөлмеде терезеге жақын қойылған жалғыз үстелді елден ертерек тұрған Алтынбек иеленіп алатын. Үстінде анасы тігіп берген қасқыр желет-нымша. Көк бөрінің аруағынан ба, ішіміздегі жасы ең кіші болса да орынды босат деп айта алмаймыз. Елден ертерек тұрған ұл елден ертерек есейді, елдің тәуелсіздігін нығайтуға елден ертерек ерен үлес қосты және ертерек, тым-тым ертерек аттанды арамьздан...

Қар көбесі сөгілер, табиғат бусанып, ұйқысынан оянып гүлднер, жадырар, бәрі өзгерер... «Ал, жігіттер, Шалкөдеге аттанайық, жиналындар» деген хабар да жетер. Бірақ біз ілесе алмаймыз ғой. Сонда біз өзімізмен Кеңсайда қатар жатқан Нұрлан Мәукенұлы досымыздың кезінде өзің шығарып берген кітабын қолымызға алып, парақтағанынан басқа не амал табамыз:

Тірінің қамын тірі жер,
Тірлер бірін бірі жер.
Тірлікте қашқан қадірің
Өлгенде ғана білінер.

Өлінің қамын тірі жер,
Жоқтауын салып жүсіңер.
Жоғалтып алған асылы
Айрылғанда білінер.

Өлінің қамын тірі жер,
Тірлер бірін бірі жер.
Бір күні біз де барамыз,
Сен аман болғай, сірі Жер!



Алтынбек отбасымен

Қиын-қыстау кезеңдегі ауыр реформалар күрт өзгертті ме, ол уақытта жұртшылықтың 90 пайызының өзі өмірлеріне көңілі толмайтын. Мұндай көңіл-күй ақпараттық айналымға әлеуметтік саладағы ащы ақиқатты ашып айтатын ақпарат құралдарын алып шықты. Егер сондай ақпарат құралдарына әкімшілік үстемдіктен қазіргі «Қазақстанская правда» мен «Егемен Қазақстандағы» сияқты алаулатып-жалаулатып, тек жақсы жағғын ғана жазуды күштеп таңсақ, оқырман ондай басылымнан нақты өмірді шынайы көрсете алмағаны үшін теріс айналып кетер еді де, ондай басылымдар сұрандысы өтеуіне дәріменсіз болмай, ақырында жабылып тынар еді. Сол себептен, бұқаралық ақпарат құралдарына әлеуметтің мұңын мұңдап, жоғын жоқтау мүмкіндігін саналы түрде бердік деуіме болады.

Өтпелі кезеңде баспасөз министрі болғаннан қиын жұмыс жоқ. Себебі ол кезде баспасөз де қолына жаңа түскен бостандықтың буына пісіп жүрді, билік те «баспасөз бізден төмен» деген ойдан арыла алмай жүрді. Кеудесі аяққаптай болған баспасөз бен қолынан шоқпарын тастағысы келмейтін билікті бір-біріне үйренісіп, тең дәрежеде сөйлесетіндей дәрежеге жеткізу керек болды. Ол айтуға ғана оңай.

Қарапайым адамдардың жадағай тұрмысы мен мақсат-мүддесі мінберлерде ғана айтылатын әдемі сөздердің, әлдебір арналардағы әлемші көріністер мен жарнамалардың тасасында қалды. Бұл нені білдіреді? Бұл жай халық пен бай халықтың арасындағы, биліктің десе де болады, қалың ел мен билік басындағы ат төбеліндей топтың арасына терең жік түскенін білдіреді. Қазынадағы бар байлықтың әділ бөліске түспей отырғанын

көрсетеді. Сондықтан «тәуелсіздігімізге түгенбай жьсы» деп кеуде соғып атолайл бермей, бір сәт халықтың шын мәніндегі тұрмыс-тіршілігін де ой сарабынан өткізетін уақыт та жетті.

Тығырықтан алып шығар жол біреу-ақ: Саяси реформаларды жүзеге асыру. Оның уақыты әлдеқашан жетті. Саяси реформа – абстрактілі ұғым емес. Қолда бар қаржыны, яғни халықтың ырыс-дәулетін әділ бөлетін жүйе жасау керек. Президент те, Үкімет те Парламентпен өкілеттіктерін бөлісуі керек. Келген ақша мен кеткен ақшаның есебі халықтың көз алдында жасалуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет, ең алдымен, халыққа қызмет ететін орын. Сондықтан, «қызмет» деп аталады. Осыны ұмытпау керек. Өзім он екі жыл мемлекеттік қызмет істептім. Сол қызметім үшін ұялмаймын да. Мемлекетті аяғынан тұрғызу жолында азды-көпті еңбек сіңірдік. Мені ешкім мемлекеттік қызметтен қуған жоқ. Қоғамдық, саяси қызметке ауысарымда Президент те «қал» деп қолқа салып, көп адамның түсіне де кірмейтін қызмет ұсынды. Мен алғысымды айтып, саяси қызметке бел бұғанымды жеткіздім. Себебі, осы саяси жүйенің ішінде, мемлекеттік қызметте жүріп, қазіргі қалыптасқан жүйені өзгерту мүмкін емес екеніне көзім жетті. Сондықтан, саяси қозғалыстың бір басшысы ретінде осы түйінді шешуге араласуға бел байладым. Бұл биліктегі бірді-екілі адамға реніштен туған нәрсе емес, ойлан-толғанып жасалған күрделі, саяси шешім.

Алтынбек СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Тәуелсіз елде тәуменді тұлғалар болмауы керек» кітабынан
(Алматы, 2004 жыл)

Еліміздегі адам саудасының ең көп таралған түрі – әйелдерді сексуалдық қанау болып табылады. Шынын айтсақ, адам сату деген сөзге етіміз өліп кетті. Қылмыстың бұл түрімен бүкіл әлем аяусыз күресуде. Алайда соған қарамастан әлеуметтік тұрақсыздықтың және еңбек нарығындағы ала-құлалықтың салдарынан адамның еңбегін заңсыз пайдалану, құлдықта ұстау, сексуалдық тұрғыдан қанау, адамды сату жағдайлары тыйылмай тұр.



**РЕСМИ МӘЛІМЕТ
БОЙЫНША ЕЛІМІЗДЕ
2020 ЖЫЛЫ – 67,
2021 ЖЫЛДЫҢ
6 АЙЫНДА 16 СЕКСУАЛДЫҚ ҚҰЛДЫҚТЫҢ ҚҰРБАҢДАРЫ АНЫҚТАЛҒАН**

ҚҰЛДЫҚ ҚАМЫТЫ

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

СЕКСУАЛДЫҚ ҚАНАУДЫҢ ҚҰРБАҢДАРЫ

Қазақстанда сексуалдық тұрғыдан қанау оқиғалары, негізінен, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында, облыс орталықтарында тіркеледі. Быыл әйелдердің еңбегін қанауға қатысты фактілер бойынша 5 қылмыстық іс қозғалған, қазір толық тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Мұндай деректі ІІМ-нің ұйымдасқан қылмыспен күрес жөніндегі департаментінің адам сатумен күрес басқармасының басшысының орынбасары Шынар Көшербаева келтірді.

БҰҰ-ның дерегіне сәйкес, әлемде адам сатудың ең көп таралған түрі – әйелдерді сексуалдық құлдыққа салу болып отыр. Адам саудалау оқиғаларының 54 пайызы осы қылмыстың үлесіне тиеді. Қазіргі таңда адам сату түсетін табысы жөнінен 3-орында тұр. ҚР Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшысы Тастемір Әбішев құзырлы ұйымның 2013, 2015 және 2021 жылдары Үкіметке «Қазақстанда адам саудасына қарсы күрес туралы» жеке заң қабылдауды ұсынғанын айтады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл ұсынысты бірден қолдап, заң жобасы Үкімет жоспарына енгізілді. Заң жобасының тұжырымдамасы 2022 жылы қыркүйек айында дайындалып, жаңа заң 2023 жылы сәуірде қабылданады.

«Біз бұл мәселені шешудің жүйелі жолдарын қарастырдық. Әуелі еліміздің аумағында мигранттардың құқықтарының сақталуы және бұзылуы деген тақырыпты терең зерттедік. Одан кейін босқындар мен қандастардың құқықтарының қорғалуына мониторинг жүргіздік. Себебі ең алдымен босқындар мен қандастар адам саудалау қаупіне тап болып, тіпті оның құрбаны да болуы мүмкін» деп түсіндірді Тастемір Әбішев. Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова адам сатудың негізгі белгілерінің бірі – еңбек заңнамасының бұзылуы және дер кезінде әлеуметтік көмектің көрсетілмеуі деп санайды. Ұзақ уақыт бойы жеке басын қуәлігінсіз жүретін адамдар қоғамға да, мемлекетке де байқалмайды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам саудалағандарды

анықтау мен жазалау мәселені толық шешпейтінін айтады. «Ең маңыздысы, құлдыққа түскен адамдарға дер кезінде көмек көрсету, олардың жеке басын және құқықтарын заңдастыру болып табылады. Елімізде адам саудалағандарға қатаң жаза қолданылады, алайда зардап шеккендерге кешенді түрде көмек көрсету жүйесі жоқ. Мемлекет құлдықтан зардап шеккен жандарды қоғамға, қалыпты өмірге бейімдеудің тиімді тетіктерін құруы қажет. Мұндай жағдайға көбінесе осал топтардың өкілдері тап болады. Жұмысы жоқ, білімі жоқ адамдар кез келген құлдық жұмысқа көнеді. Яғни, құқық қорғау органдары қаншалықты тиімді жұмыс істесе де, мәселе толық шешілмейді» дейді Э.Әзімова.

Елордадағы «Астана-Қорғау» жекеменшік қорының жетекшісі Анна Рьель өткен жылы өзі басқаратын ұйымның 66 адамға жан-жақты көмек көрсеткенін айтады. «Былтыр біз әртүрлі жағдайға тап болған 600 адамға консультациялық-психологиялық көмек бердік. Адам саудасының құрбаны болған 66 адамның 42-сі – жұмысы жоқтықтан құлдыққа жегілгендер. Алаяқтардың торына түсіп қалғандардың дені – сауатсыз, тіпті атын да жаза алмайтын адамдар. Олардың тіл білмеуі де көптеген қиыншылықтар туғызады» дейді ол.

«ШАНСТЫҢ» МҮМКІНДІГІ МӨЛ

2021 жылдан бері Мемлекет басшысының тапсырмасымен әйелдерге және көмекке толмаған балаларға қатысты жыныстық қылмыстарды тергеу үшін тергеуші әйелдердің мамандануы енгізілгені мәлім. Мұндай тәжірибе аталған санаттағы қылмыстарды ашуда тиімділігін көрсетті. Өйткені зорлық-зомбылық құрбандарының тергеуші әйелдерге деген үлкен сенімі оң ықпал етті. Тіпті, құлдықтан зардап шеккен балалардың ешбір ұялмастан қылмыстың барлық ұңғыл-шұңғылын ашып, әңгімелеп беруі тергеушілерге көп көмегін тигізді. Бұл жерде ІІМ-нің Оңтүстік Кореяның сексуалдық құлдық құрбандарына қолдау көрсету тәжірибесін зерттеудің үздік нәтижелерге жеткізгенін айту ләзім. Мысалы, Оңтүстік Ко-

реяда дағдарыс орталықтарының базасында сексуалдық құлдық құрбандарына кешенді көмек көрсететін орталықтар ашылған.

Быыл мамыр айында Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаменті шетелдік тәжірибе үлгісінде елордадағы «Шанс» көмекке толмағандарға арналған әлеуметтік-психологиялық, құқықтық қолдау орталығының базасында сексуалдық зорлық құрбандарына көмек көрсететін орталық ашты. 2005 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан орталықтың сексуалдық және тұрмыстық зорлық құрбандарымен жұмыс істей алатын тәжірибесі бар. Бұған дәлел, орталықта құлдықтан зардап шеккендерге медициналық білімі бар мамандар, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, заңгерлер, педагогтар, адвокаттар жұмыс істейді.

Полиция департаментінен алынған мәлімет бойынша «Шанс» орталығының мамандары ашылған күннен бері сексуалдық құлдың құрбанына түскен 19 адамға (соның ішінде 19-ы – көмекке толмағандар) көмек көрсеткен. Қанатқақты жобаның жүзеге асырыла бастағанына 4 айға шығаса да, нәтижесі көңілден толғады. Демек, ең қажетті жоба жалғасын табады деген сөз. Ал орталық қалай жұмыс істейді? Ең алдымен, сексуалдық зорлық құрбандары орталыққа жеткізіледі. Ол жерде тергеуші әйелдер барлық қажетті тергеу амалдарын (өтініш қабылдау, тергеу, фотосуретімен және бейнежазба арқылы киім-кешектерін және басқа да заттай айғақтарын қабылдап алу) жүргізеді. Сол жерде психологтар құрбандармен жұмыс істейді. Егер де құлдықтан зардап шеккен адамға көмек керек болып, оны қосымша тергеу кезінде ұнамсыз қарым-қатынас жасаудан оқшаулау қажеттілігі туындаса, онда ол оңалту-сауықтыру мекемесіне жатқызылады.

Елорда полициясының әрбір аудандық басқармасында арнайы жобамен жұмыс істейтін тергеуші әйелдер, жедел қылмыстық тергеу бөлімшесінің қызметкерлері, қылмыстық және әкімшілік полиция қызметкерлері бекітілген. Барлығы 34 қызметкердің 16-сы – тергеуші әйелдер. «Шанс» орталығының мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Абай даңғылы, 92/3 үй.

АДАМ – ТАУАР ЕМЕС!

Қазіргі кезде шетелге барып, жұмыс істегісі келетін адамдардың саны көбейіп келеді. Алайда кез келген шақыру мен ұсынысқа алданып, құлдың қамытын киюіңіз ғажап емес! Сол себептен, мына үш нәрсені есіңізде ұстаңыз:

1. ЕГЕР:

*Сіздің қолыңызда ресми келісімшарт болмаса; құжаттар жалған немесе бөтен адамның атына жазылса;

*Сіздің төлқұжатыңызды шақырушы тарап алып қойса;

*Барлық шығындарды шақырушы тарап немесе жұмыс беруші төлесе;

*Ол жақта істейтін жұмысыңыз нақты қандай болатыны түсініксіз болса;

*Сізді шекарадан заңсыз өтіп, айналмалы жолдармен өтуге көндіретін болса – барудан бас тартыңыз!

2. ЕГЕР:

*Сізге оңай және тез ақша табудың жолын ұсынса;

*Сіз өзіңізді шақырған фирманың шетел азаматтарын жұмысқа орналастыруға рұқсаты/лицензиясы бар-жоғына сенімді болмасаңыз;

*Фирма туралы интернеттен немесе фирманың ресми сайтынан ақпарат таба алмасаңыз;

*Сізге жұмыс визасын бірден рәсімдемесе;

*Келісімшарт сізге түсініксіз тілде жазылған болса, онда мемлекет атауы, жұмыс мерзімі мен шарттары, ұйымның атауы және жұмыс берушінің аты-жөні көрсетілмесе, асықпаңыз, ойланыңыз!

3. ЕГЕР:

*Сіз фирманың ресми сайтынан немесе интернеттен фирма туралы ресми ақпаратты тексерсеңіз;

*Сіз фирманың шетел азаматтарын жұмысқа орналастыруға рұқсаты/лицензиясы бар-жоғына сенімді болсаңыз;

*Сіз фирмамен немесе жұмыс берушімен екіжақты ресми келісім-шартқа қол қойсаңыз;

*Сізге жұмыс визасын рәсімдесе;

*Сіз өз төлқұжатыңыз бен келісімшарттың көшірмесін, сондай-ақ байланыс мәліметтеріңізді туыстарыңызға қалдырсаңыз;

*Сіз жұмыс істеуге баратын елдегі өз мемлекетіңіздің Елшілігінің байланыс нөмірлері өзіңізде болса, баруға болады!

Сіздің өз өміріңізді сақтандыруға құқыңыз бар! Шетелге қауіпсіз шығуға қатысты басқа да сұрақтарыңыз болса, Нұр-Сұлтан қаласындағы мына телефондарға хабарласыңыз: +7 (7172) 306-073, +7 702 892 97 77.

СЫЙДЫҢ СИҚЫ ОСЫ МА?


Қазақ дәстүрінде шапан жауып, тон кигізу үлкен құрмет саналады. Ол – көлденең көк аттыға емес, еліне сыйлы, халқына қалаулы жандарға ғана көрсетілетін сый. Қазақ оны қалай болса солай бермеген, иығына шапан жабатын адамның тілегіне, пейіліне де зер салған. Қазіргідей алдыға шығып екі ауыз сөз айтқанның бәріне шапан жаба бермеген. Бұрындары хандар батыр, билерге дәреже бергенде соның белгісі ретінде арнайы тіктірген шапанды жапқан, бай-шонжарлар ақын, серілердің өнері үшін де астына ат мінгізіп, шапан кигізген. Бұл дәстүр бүгінде сақталғанымен, әуелгі мәнінен алыстап барады. Тіпті той-томалақ, астарда аспаннан шапан жауғандай, анаған да, мынаған да шапан кигізіп жатады. Осыдан барып, шапанда қадір қалған жоқ. Керісінше қазір шапаннан қадірсіз нәрсе жоқ десек, оған жақында әлеуметтік желіде тараған қоқыс жәшігіне ілулі тұрған оюлы шапандар айғақ.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Шапан бұрын сырттан киетін ең сәнді киімнің бірі болғанымен, қазір біздің киім кию мәдениетіміз өзгерді. Наурыз сынды мереке-мейрамдарда болмаса, ешкім бұрынғыдай етегін салақтатып шапан кимейді. Міне, осыдан барып шапан тек иыққа көрініс үшін жабатын киімге айналды. Ешкім кимегеннен кейін, көп шапан үйде илектеніп біраз уақыт жатады да, тағы да біреудің иығына жабылады немесе өртеледі, қоқысқа тасталады.

Екінші тұрғыдан алғанда, қазіргі шапандар нарыққа бейімделгенімен, киім ретінде пайдалану жағы ескерілмеген. Көбінің матасы нашар, жағасы да, етегі де ою, киіп алсаң, сырмаққа оранғандай күй кешесің. Иығы қолпиган, етек жағы салпиган. Соған қарамастан бағасы да қымбат.

Демек, шапанға да, шапан жабу салтымызға да заманға сай өзгеріс жасаған дұрыс. Біреу сыйлап шапан жапса, екіншісі оны қоқысқа лақтырса, сыйдың не сәні, шапанның не қасиеті қалды?! Сондықтан той-томалақ, түрлі жиын-басқосуда анаған да, мынаған да жалпылдатып шапан жабуды доғару керек. Шапан жабу керек болса, заманға сай, киіп жүруге қолайлы киімдер болғаны дұрыс. Шапанның өлшемі ою емес, сәні мен сапасы арқылы өлшенеді. Баттасқан ою болғанымен, ешкім кимесе, ол киім ғарып. Сондықтан біздің киім жобалаушыларымыз да, шапанды заман талабына лайықтап, жобасын жаңғыртып, денеге шақтап, көрер көзге әдемі етіп жобаласа, шапан қоқыста қалмас еді.



САХНАНЫҢ СӘНІН КІРГІЗДІ

Өнердің жаны – құштарлық,
Жауы – іштарлық,
(Халық даналығы)

Биыл құрылғанына 15 жыл толған «Жастар» театрында есте қалар ірі бейнелерді сараласаң-ақ, Ай-нұрдың кейіпкерлері еске түседі. Актрисаның шығармашылығымен алғаш таныстығым Т. Миңнуллиннің «Диляфруздың 4 күйеуі» атты комедиясынан бастау алған еді. Сол жылы Ай-нұр ауылдағы жігіт біткенді өзіне ғашық қылған ең әдемі, ең ақылды Диляфруз деген қыздың рөлін кейіптеді. Қимылы ширақ, талдырмаш бойына қона кеткен әсем көйлегі ерекше жарасым тауып, сахнаның сәнін кіргізді.



Диляфруз-Айнұр қойылымда айтылған әр сөз бен сахналық әрекет темпоритмін бірде әсерлі үнімен, енді бірде өршілдігімен дамыта отырып, ойын өрнегін шебер бедерледі. Ұзақ қошемет пен ыстық ықыластан тұтас қойылымның үздік шыққанын сезіндік.

Айнұр Асанқызы үшін «Жастар» театры оның екінші үйіндей, ыстық, бөлек, қымбат. Бұлай дейтініміз, Айнұр – осы театрдың уығын қадаған алғашқы қарлығаштардың бірі еді. Содан бері 15 жылдың ішінде 30-ға таяу ірілі-ұсақты рөлдерді кескіндеп, елордалық көрерменнің көңіл көкжиегіне сәулелі сыйлап келеді. Еңбеккер өнерпаз күні бүгін театрсыз өмірін елестете алмайды. Жаңа рөл игеру барысында ұзақ ізденетінін, өмірінің сан торабында кездескен жағдаяттарды эмоциялық жадына сақтап, кейіпкер шығаруда өзі басынан кешкен сол әсерін, күйініш-сүйінішін еске түсіре отырып дайындалатынын тілге тиек етеді.

Айнұр Рахипова – темпераментті актриса. Оның ішкі энергиясын сахнада өзі ойнап жатқан кейіпкерінен-ақ аңғарасың. Беріліп ойнағаны сонша, шынайы өмірінен алшақтап, сахнадағы бейнесіне еніп кетеді. Бірізділік, жайбасарлық, біртоғалық – оның актерлік болмысына жат. Сан қилы спектакльде кейіпкерлерді біріне-бірі ұқсатпау мақсатында, штампқа ұрынып қалмау үшін актриса режиссермен көп жұмыс істейді. Өзіне берілген рөлді шығару жолында әр түрлі эксперимент жасаудан да жүрексінебейді.

Оның сахна төрінде жасындай жарқылдауының белестерін айтілі орыс классигі Н. Гогольдің «Ревизорындағы» – Шпекина, Е. Уахитовтың «Құдалар» комедиясындағы – Шапағат, Ш. Айтматовтың «Жан азабындағы» – Бұғы ана, Н. Оразалиннің «Шырақ жанған түн» лирикалық драмасында – Нұргүл, Ғ. Мүсіреповтің «Қозы мен Баян» мюзиклінде – Баян, Д. Саламаттың «Ғайыптағы мәңгілік махаббат сазы» элегиясындағы – Гүл, Ж. Б. Мольердің «Ақымақ болған басым-айындағы...» – Клодина, М. Әуезов, Қ. Мұхамеджановтың «Айман-Шолпанындағы» – Теңге тағы сол сияқты рөлдерінен көруге болады.

Комедия жанрында сахнаға шыққан У. Шекспирдің «Асауға тұсауы» өзінше бір төбе. Ерке, қиқар мінезді Катарианың болмысын көрсете білген Айнұр Рахипованың бұл кейіпкері – оның актерлік шеберлігінің үздік

көрінісі. Физикалық, эмоционалдық дайындықты талап ететін комедия үстінде талай рет аяғын қайырып, қолының бұлшық етін созып алғаны да бар.

Спектакль жолында басын бәйгеге тіккен өнерпаздың сахнаға деген адалдығына сүйсінесің. Бұл Айнұр Рахипованың бір мысалы ғана. Оның театрдағы жас өнерпаздарға бағыт беруін, білгенін үйретуін, өзінен кейінгі буынға деген жанашырлығын үнемі байқаймыз. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың тәлімін көбірек алған шәкірттерінің бірі де осы – Айнұр. Ұстаздың өнегесін, білімін мейлінше мол үйренуді бағым деп білетін актриса тәлімгеріне сырласындай сенеді. Оған бір мысал: «...Күндердің бір күнінде ұстазыма жылап бардым» дейді актриса. «Денсаулығым сыр берді, отбасылық кикілжіңдер үдеген шақ еді. Мен театрдан кетемін деп кесіп айттым. Нұрқанат ағай менің ақылшым ғой. Өнер дейтін соқпағы мол аса ауыр жол екендігін алға тартып, менің бұл проблемаларым театрдан кеткеніммен шешіле салмайтындығын айтты. Осылай оңай беріле салудың жөн емес екендігін ұғындырды. «Өткінішті өмірде сені барлығы сатып кетеді. Сені сатпайтын ең асыл қазына ол сенің өнерің!» – деп алған бетімнен қайтарды» дейді толқып отырған актриса. «Мен саған аз жұмыс берген екем. Бұл проблемаларыңды ойлауға тіпті мұрша болмайтынды етіп көп жұмысты жүктеуім керек еді. Өнеріңмен адал қызмет етсең ғана бақытқа қол жеткізесің!» деген ұстаз сөзі оны қайта түлетіп, жігерлендірген болатын.

Кейінгі буын актрисалардың ішінде Айнұр Асанқызының ізін басып, жолын жалғап келе жатқан Айым Жүсіпбекова, Айман Есенқызы, Назерке Серікболова, Наурыз Сабағатова, Шехназа Қызыханова сынды үміт күттірер актрисалар баршылық. Ең ыстық та аяулы рөлдерінің бірі С. Раевтың «Меккеге қарай ұзақ жол» спектакліндегі Ремарка рөлі еді. Әлбетте, уақытты, жастықты уысында ұстап тұру мүмкін емес. Жас талант Назерке Серікболованың үлесіне тиген аталмыш рөл өзінше бояуға еніп, қойылымның көркем болмысын аша білді. Актер сүйікті рөлін күндердің күнінде кейінгі буын өнерпаздың еншісіне табыстауы да заңдылық. Өзің мәпелеп баққан құндақтағы балаң сынды рөліңді ақ тілекпен өзгеге берудің астында қимастық оты маздайтынын қайда қоярсыз... Ол рөлді өзгенің төмендетуіне, әлбетте, хақы жоқ. Жауапкершілік қой.

Театрда бақталастық пен іштарлықтың сызы сезілмеуі де одан.

Физикалық тұрғыда үнемі дайындық жаттығуларымен айналысып, сырт келбетің әсем қалпын бұзбай ұстау да актердің міндеті екенін ескерген актриса үнемі дайындық жаттығуларымен айналысады. Ұстаздыққа бет бұрып, шәкірт тәрбиелеу туралы ой келсе, әлі де тәжірибе мен білімнің толысқанына күмәнмен қарап, ізденісті арттыра түсетін қасиеті тағы бар. Ол қазіргі мектеп оқушыларының театр мәдениеті төңірегіндегі өресінің, ұлттық құндылықтарға деген құрметінің кемшін тұстарына күйінеді. «Абайды, Әуезовті, Шекспирді, Айтматовты оқып өскен бала театрға келсе, сағыз жабыстырып кетпейді» деп, жоғары мәдениетті тал бесіктен үйретудің абзал екендігін алға тартады. Көп ішінде басы артық бой көрсетуден, мақтау мен марапаттың буына елітуден оқшаулануы жүретіндігін де жиі байқаймыз. Бұл өнерпаз Айнұрдың қарапайымдылық пен парасаттың тізгінін қатар ұстауынан деп топшылайтынымыз рас. Театр маңдай терін бағалап, қазақтың тұңғыш режиссері Ж. Шаниннің 125 жылдығына арналған Түркі әлемі театрларының «Театр көктемі – 2017» халықаралық фестивалінде «Ең үздік спектакль» – Гран-при жүлдесіне, «Үздік әйел бейнесі» номинациясына лайық деп тапса, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Президент стипендиясының иегері атанған. 2020 жылы «Еңбек даңқы» медалін алды. Актрисаның 15 жыл ішінде мәдениетке сіңірген жанкешті еңбегі қай марапатқа болса да лайық. Талантты тұсаулай алмайсың. Дамыту үшін руханият көгіне самғап ұшарлықтай мол еркіндік, ұлан-ғайыр еңбек керек. Актриса Айнұр қазақ театрларының белгілі актрисалары Гүлжан Әспетова, Ғазиза Әбдінәбиева, Лидия Кәденова, Назгүл Қарабалина, шетелден Мерил Стрип, Алиса Френдлик, Екатерина Климова, Евгения Крегжде, Чулпан Хаматова сияқты хас таланттарды үлгі тұтады.

Актерлік – табиғаттың ғаламат сыйы. Жаратылыстың пендесіне жасаған әсем тартуы. Оны бабында ұстап, абыроймен арқалау қиынның қиыны. Ендеше қызығы мен бейнеті қатар жүрер сол қатпарлы жолда қанатыңыз талмасын, Айнұр!

**Балжан
БЕКМАҒАМБЕТОВА,
«Жастар театры» әдебиет
бөлімінің меңгерушісі**

Бұл, би дегенге әркімнің-ақ бар таласы. Абай заманында өлеңге таласып өткен қазақ бүгінде бидің неше түрлісін шығарып, би билеп жарысқа түсіп жатыр. Әрбір той-томалақтың биші әпендісі пайда болды. Олардың видеосымен әлеуметтік желіні толтырып болдық.

БИ ӨНЕРІНІҢ ҚАДІРІН КЕТІРМЕЙІК

Айгүл УАЙС

Өрескел қимылымен елдің жағасын ұстатқан жұрттың талқысына түсіп таланып жатқан жайы тағы бар. Бірінен бірі асқан, аяқ-қолын ербендеткен сорақы қимылдарға көзіміз үйренер емес. Жақында ғана жаңадан ашылған мешіттің алдында билеген бойжеткеннің қылығына қарап, орнын, жөнін, ретін білмегенге бұл би дертке айналды ма деп қалдық.

түседі. Бірақ мәдениетімізге кейіннен кірген тамаша би барша жұрттың қолайына келмеді. «Қамажай» да қызып алған тойшыл қауымның қолы емес. Қолдан келгені – өзбек биінің элементтеріне құрылған дене қимылы. Үйлессе би, үйлеспесе де қорықпаңыз. Интернеттің жұлдызына айналуға мүмкіндігіңіз бар. Және тойларда қойылатын музыка да осы мәнгерді дәріптейтін, осы қимылға арналып келеді.

Қазақ – тойы тарқамаған халық. Алыс-жақын туыстар

жатқан баланың эмоционалды әсерін айтқанда, оның өзіне өзі сенімді болып ортаның гүлі болуы үшін де пайдасы зор. Сондықтан баланы тулға ретінде тұтас қалыптастырудың таптырмас құралы ретінде де биді есептен шығармауымыз керек.

Назгүл ДҮЙСЕН, өнер мектебінің оқытушысы:

Би өнері – жинақылықтың, нәзіктіктің, сұлулықтың, талғамның көрінісі және адамның эстетикалық болмысын көрсететін



Осы жұрт биді өнердің бір түрі болса да, оны жұрттың бәрі билуге тиіс деп қабылдайды. Бізде солай ойлаймыз. Қолдан келсін келмесін, тұяғымыз тысырлап ойнап-тойларда билейтініміз бар. Дұрыс билеп жатырмыз ба, әлде басқа ма есеп бере бермейміз.

Біздің бұл бисымағымызды «Social Dancing» – «бұқаралық би» дейді екен. Сахналық, спорттық тағы басқа кәсіби бишілердің орындауындағы хореографиядан айырмашылығы, бұқаралық би күнделікті адамдар арасындағы тікелей қарым-қатынасқа ықпал етіп, көңіл-күйін көтеріп өздерінің рухани және эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана қанағатты. Ғалымдардың айтуынша, бала бес айдан бастап, музыка ырғағына елітіп, аяқ-қолын қимылдатып ырғатыла алады. Осы тұрғыдан алғанда би – жаратылысымыздың табиғи көрінісі сияқты. Тілі шықпаған балаға әсері болса, адамзаттың қорқынышы мен қайғысын, қуанышын білдіретін тылсым белгідей қабылдауға болатын шығар.

Және бүгінгі күнде адамдармен қарым-қатынас орнатуға, стрессті жеңілдетуге, есте сақтауды, кеңістіктік ойлауды дамытуға және т.б. көмектеседі дейді. Сондықтан, егер адам өзіне сенсе, билейтін ортасын білсе пайдасы зор. Әдетте адамның «өзі үшін» билеуі – дәрігерлер, психологтардың құптайтын, тіпті дертке дауа болатын, тамаша әдет екенін дәлелдепті.

Қазақтың өз биі бар дегенде «Қара жорға» еске

сағынысып кездескенде, ортаға шығып, тойдың сәніне салып билеу керек. Онсыз той болмас. Тойдың тамаша өтуі қонақтардың көңілі шат болып, ортаны толтырып, бір билегенімен де есептеледі. Жаманы ішіне жүз грамм жұтып алғандар да осындай жерлерде ашылып, бар өнерін көрсетеді.

Жоғарыда айтқан жөн-жосықсыз әрекетке жол бермеу үшін, ебедейсіз ерсі қимылмен күлкіге қалмас үшін бұқараға би билеу мәдениетін қарастырған жөн шығар.

Би керек болса, интернетті ашып қараңыз. Үйренуге болады. Бірақ той-томалақтың аса маңызды бір атрибутына келгенде біздің түсініміз таяз, билеу мәдениетіміздің жоқтығын алға тартуға болады. Баршаға ортақ мәдениет қалыптаспаған соң, асаба және басқа да кештің сәнін келтіретін музыканттар мен ұйымдастырушылар қолға алмаған соң, қарадүрсін дүниеге мәз болып жүрміз.

Қазір бар-жоғын білмеймін, бұрындыры әнби сабағы болатын. Одан қалды балабақшада мереке сайын би билетіп жататын. Сол үрдісті қайта жаңғыртып, жолға қоймасқа?! Бұл баланың қалыптасуына, алдағы адамның өміріне де қажетті нәрсе болса, неге оны мағыналы етпекке?!

Оқушылар жарты сағат би билегенде не тұр дейсіз. Хореография бекзат өнер ретінде баланың денесін ғана шынықтырып қоймай, адамгершілік қасиеттерін дамытады, мәдениеттілікке үйретеді, ой-өрісін кеңейтеді. Енді қалыптасып келе

өнердің бір түрі. Көрерменге айтатын ойынды би тілімен жеткізу асқан шеберлікті қажет ететін сияқты. Және де тілімен айтылған ойды да түсіне білу асқан талғампаздықты көрсетеді. Сонымен қоса грамм жұтып бойында мол энергия, күш-жігер, қуат болу керек деп ойлаймын. Баланы кішкентайынан биге беру өте пайдалы болар еді. Себебі би арқылы баланың сүйегі берік болады, артық салмақтың болмауын қамтамасыз етеді, ритммен қозғалу арқылы музыканы тындай билуге үйретеді, пластикасы, дене бітімі сымбатты болады, міне, осындай пайдаларын айта беруге болады. Бимен тек қана бала кезінде айналысу керек деген пікірден де аулақпын. Би кез келген жастағы адамның айналысуына болатын өнердің түрі деп есептеймін. Бидің түрлері көп емес пе?! Әр адам өзіне ұнайтын, өзіне ыңғайлы би түрімен бос уақытында айналысып, денсаулығын жақсартуға тағы да басқа жақсы нәтижелерге жетуіне болады (жас көріну, суретке әдемі болып түсу т.б.).

Халқымыз тойшыл халық қой. Мысалы, тойларға барғанда, белгілі бір іс-шараларға барғанда музыка ырғағын түсініп, сол ырғаққа сай әдемі билеп тұрсаңыз, жан-жағыңызға өте әдемі көрінбейсіз бе?! Не ырғақты түсініп, не билеген биіңіз жағымсыз көрінсе, өзіңізді ыңғайсыз сезінбейсіз бе?! Сол себепті кез келген ортада эстетикалық тұрғыда әдемі болып көріңіз келсе, би үйреніңіз.

РҰҚСАТЫ ЖОҚ ҚҰРЫЛЫС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

Нұр-Сұлтан қаласында құрылыстың бастапқы сатысында үлескерлердің ақшасын қабылдауға тиісті рұқсаты жоқ құрылыс ұйымдарының тізімі жасалды, деп хабарлады елорда әкімдігінің ресми сайты.

Төменде көрсетілген көппәтерлі тұрғын үй кешендерінде қолданыстағы заңнаманы айналып өтіп жасалған барлық мәмілелер (алдын ала брондау шарты, резервтеу шарты, инвестициялау шарты, талап ету құқығын басқаға беру шарты) жарамсыз болып саналады.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі өз қаражатыңызға сақ болуды сұрайды және рұқсат құжаттары болмаған жағдайда тұрғын үй сатып алмаған жөн.

ҮЛЕСКЕРЛЕРДІҢ АҚШАСЫН ТАРТУҒА РҰҚСАТЫ ЖОҚ ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Тапсырыс беруші	Объектінің атауы
1 ЖШС «Береке Құрылыс 2030»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, пригородный тұрғын алабы, Қабанбай батыр даңғылы «Байсал»
2 ЖШС «Аруана - XXI»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Кектал тұрғын алабы «Даулеткерей»
3 ЖШС «Center Group Astana»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Шарбақты көшесі, № 36 уч. «Ақыртас»
4 ЖШС «Жер Билдинг»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е 430 көшесі «Табысты» 1-2 кезек
5 ЖШС «Development Building Group»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, И. Омаров көшесі
6 ЖШС «Ер-Тау»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары және Т. Шевченко к-сі «Шавгар»
7 ЖШС «Проектная компания Астана Девелопмент»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, 1-кезек, полигон 4, тұрғын үй тобы 5, Жаркент көшесі 26
8 ЖСК «Байтас инвест»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Комсомольский т. м., Ақан Сері к-сі, №53 учаскесі «One house»
9 ЖШС «NUR-Tas-2020»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, А 83 және А 84 көшелері арасында
10 ЖШС «Актас-М»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Уәлиханов-Ақмола-Гастелло-Тархан көшелерінің аумағында 1-кезек.
11 ЖШС «Строительная фирма Astana Building»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Промышленный тұрғын алабының оңтүстігіне қарай Ж. Нәжімеденов к-сі, Б және В блоктары «Ордабасы»
12 ЖШС «Градум Строй»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, III. Қалдаяқов көшесі, №44 және Тәуелсіздік даңғылы қиылысы «Золотая миля»
13 ЖШС «Техмонтажстрой»	Көпфункционалды тұрғын үй кешенінің 1-кезегін салу Тәуелсіздік даңғылы мен III. Қалдаяқов көшесінің қиылысы
14 ЖШС «Expert Consulting Agency Kazakhstan»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Ж. Нәжімеденов және А426 көшелерінің қиылысы «Imgal»
15 ЖШС «TagProject»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Сарыкөл және Айнакөл көшелері қиылысы «SenatorPark»
16 ЖШС «Granite»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Айнакөл және А195 көшелерінің қиылысы «София»
17 ЖШС «Бақыт мекені»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Ж. Нәжімеденов және Т. Жүргенов көшелерінің қиылысы «Inju Promenade»
18 «Ортақ үлестік меншік» Бужбанов Айдын Төлеулы, Шакилева Дина Ұланбекқызы, Исмагилова Загира Қошқарбайқызы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжын тас жолы 110 «Boston Comfort House 2.»
19 ЖШС «КОКТАЛ SMART» «AIZ QURYLYS» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сұлукөл к-сі, 16 «Koktal Park»
20 ЖШС «Олимп строй лтд» «Grand Building Group» (GBG) Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А. Байтұрсынұлы және А51 көшелерінің қиылысы «Bai Tursyn»
21 ЖШС «Алькас»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Жамбыл көшесі, № 187 «Алмажай» 1-2 кезек
22 ЖШС «AizQurylys» «AIZ QURYLYS» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы / Хусейн бен Талал көшесі «Ainabulac»
23 ЖШС «Invest Building Group»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Илияс Омаров көшесі - Е 312 көшесі «Inju City» 3, 4 кезек
24 ЖШС «БСК КЗ»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, 77-көше және А91 көшесінің қиылысы «Самғау 2» 1-2 кезек
25 ЖШС «Esquvi group»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, №22 және Е51 көшелердің қиылысы «Q Life»

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасында үлескерлердің қаражатын тиісті рұқсатсыз қабылдауға тыйым салынады, бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 320-бабы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 214-бабы бойынша кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысқаны үшін жауапкершілік көзделген.

Барлық сұрақтар бойынша Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайында орналасқан «Нұр-Сұлтан қаласы Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ-ге жүгінуіңіз қажет.

Өзара байланыс телефондары:
8 (7172) – 55-04-28, 55-67-03.

26 ЖШС «R-Profi» ЖШС «Нурлы-Жол-К-2008»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Қалдаяқов к-сі / Нәжімеденов к-сі «Аскер 1» «Аскер 2»
27 ЖШС «Aman Building Company»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А91 к-сі, А242 к-сі «Жұлдыз»
28 ЖШС «РБК СТРОЙ» ТҚК «ЖАНУЯ ИНВЕСТ» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Байтұрсынов к-сі / а-62 к-сі «Palladium»
29 ЖШС «Nalyk строй Астана»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Айтматов көшесі, жағалауға жақын «Клубный дом Sirocco Club»
30 ЖШС «ASTANA CITY STROY»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, көше қиылысы. Е 364, Е 418, Е 425 және Е 517 «Оазис»
31 ЖШС «БиНаз»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Ж. Нәжімеденов және А426, А427 көшелерінің қиылысы «Молодежный»
32 ЖШС «Kinetics»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Жүргенов көшесі мен Бекбаев көшесінің қиылысы «Керей»
33 ЖШС «King Development (Кинг Дивелопмент)»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тельман т.м., Ақкемер к-сі, 32 А учаскесі. «Kings Land Residence»
34 ЖШС «Международный Университет Астана»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е 797 к-сі, 2 уч. «Atamari»
35 ЖШС «BATYS COMPANY»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал т.м., Шыңғыстау және Сүйінбай ақын көше қиылысы «Koktal Apartments»
36 ЖШС «СарыАрка девелопмент групп» «MWC» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Нәжімеденов к-сі, а 426 «Saigam»
37 ЖШС «CDVS» «Tumar group» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы қиылысы және Шарль де Голль көшесі, «Mirager»
38 ЖШС «Маяк ЛТД»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжын тас жолы, 88-уч. «Жайсан NS»
39 ЖШС «Элит Групп Астана»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Бөкейхан к-сі / Бұхар Жырау к-сі
40 ЖШС «Beles-NUR» «FERRUM» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, III. Қалдаяқов және А82 көшелерінің қиылысы «Compass North»
41 ЖШС «Qamqor NS»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Бектұров к-сі, Тұран даңғылы «Q-Smart» ТК
42 ЖШС «BERKAT-BUILDING»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, 200 к-сі (Омаров к-сі), 31 участок «Атмосфера-2»
43 ЖШС «Ел-Қурылыс 2020»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Райымбек батыр және Қ. Әзірбаев көшелерінің қиылысы «RAIYUMBEK»
44 ЖШС «Astana Private School»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, М. Жұмабаев, Р. Қошқарбаев даңғылдарының және Т. Жүргенов көшесі, К. Азирбаев квадратында «Inju Ansar»
45 ЖШС «Mars Project» ТҚК «ЖАНУЯ ИНВЕСТ» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Байтұрсынов көшесі 37/3 «Казанат 2»
46 ЖШС «Transcapital»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е-344 көшесі «Gold Land»
47 ЖШС «Ak Otau Construction»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Қордай және Қошқарбаев көшелерінің қиылысы «Жанаарқа»
48 ЖШС «Астана-ДАМУ 2030»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, № 38 көше мен Қабанбай батыр даңғылының қиылысы «АқЖол»
49 ЖШС «Ер-Тау» ЖШС «Нурлы-Жол-К-2008»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары және Т. Шевченко көшелерінің қиылысы «Ақтау Сити»
50 ЖШС «Дилан-қуш»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е 251 және Е 252 көшелерінің қиылысы «Мирадж» 2,3,4 кезек

51 ЖШС «Астана-Аквапарк» «BAZIS-A» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 5/1 уч «Zangar»
52 ЖШС «Granite»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Айнакөл және А 195 көшелерінің қиылысы «Diana»
53 ЖШС «Строй-Инвест-Групп КЗ» ТҚК «ЖАНУЯ ИНВЕСТ» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 34/8 «Sapsan»
54 ЖСК «Белая гора»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 34/2-үй «Silk Way»
55 ЖШС «Абылай Қурылыс»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е564 к-сі «Отырар»
56 ЖШС «Алғыс инжиниринг»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е314, Хусейн бен Талал көшесінің оңтүстігінде «Колос»
57 ЖШС «AS Development»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Ж. Нәжімеденов және А 52 көшелерінің қиылысы
58 ЖШС «ДробСпортКамень»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Н. Тілендиев және Баршын көше қиылысы «Khan Residence»
59 ЖШС «Building Plus» «Tumar group» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А. Байтұрсынұлы, Қ. Әзірбаев және №23-8 көшелерінің қиылысы «Tamerlan»
60 ЖШС «ЖБК Групп» «Лей» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А 62 және А 91 көшелерінің қиылысы «ЛЕЯ СТЭЙШН СИТИ»
61 ЖШС «Enterprise Astana» «Лей» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Қошқарбаев даңғылы мен Қордай көшесінің қиылысы «Лей Север»
62 ЖШС «Rost Invest 1»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қазыбек Би және Роза Бағланова көшелерінің қиылысы «Shugyla»
63 ЖШС «New Line Project»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тельман т.м. оңтүстігі, Е 111, Е 117, Е 770 көшелерінің ауданы «New Line»
64 ЖШС «Sun Stroy Astana»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Төле Би және Қазыбек Би көшелерінің қиылысы
65 ЖШС «АстанаСтройДом»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Күмісбеков көшесі, 9, 9/1, 9а «Целиноград 4»
66 ЖШС «Handan-Astana»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е429 к-сі-Е428 к-сі «Kerey Comfort»
67 ЖШС «Astra Properties-1»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 39-уч «Evolution»
68 ЖШС «Құрылыс Монтаж Строй»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, III. Айтматов және Е409, Е456 көшелерінің қиылысы «River park»
69 ЖШС «MEGA-BUILD KZ» «Grand Building Group» (GBG) Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, III. Қалдаяқов және А78 көшелерінің қиылысы «Zauzar»
70 ЖШС «Gold Tau» ЖШС «MAX BET PV2»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжын тас жолы, Е-128 көшесі, 40 Б учаскесі «Royal House»
71 ЖШС «Таймас Temir Treid»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, Ы. Дүкенұлы, 31/5 үй «Barakat»
72 ЖСК «Скай сити 2016»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Комсомольский т.м., Баян сұлу және Қыз Жібек көшелерінің қиылысы «Istanbul»
73 ЖШС «Титан Строй КЗ»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 56 «Medina Tower»
74 ЖШС «Жасыл Арман»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е51 к-сі, 25-уч. «Dastur»
75 ЖШС «Mainstreet»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Майлин көшесі, 6 «Парус»
76 ЖШС «СК «МТ Құрылыс»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары, Егемен Қазақстан газеті, Б. Бейсекбаев, Е. Брусиловский көшелерінің қиылысы
77 ЖШС «Grand Building Group» «Grand Building Group» (GBG) Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А95, А124, А125 көшелерінің қиылысы ауданы «Saratan»
78 ЖШС «BN TRUST» «Tumar group» Компаниялар тобы	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А. Тоқпанов көшесі мен Таспоқы көшесінің қиылысы
79 ЖШС «Жетіген 2018» Компаниялар тобы «ТСК Клен»	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, С 189 көшесі (жобалық атау). «Легенда»
80 «SUCCESS ALI GROUP» ЖШС	Коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, III. Қосшұғылды көшесі, 15 «Kokshebel»



«БӘЙТЕРЕКТИҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА – 20 КҮЙ»

Елорданың символы «Бәйтерек» монументінің мерейтойына орай Балалар жылы аясында «Бәйтеректің 20 жылдығына – 20 күй» атты іс-шарасы өтті. «Бәйтеректің» ұшар басында «Алтын домбыра» ұлттық өнер орталығының шәкірттері Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйінен бастап күй атасы – Құрманғазының күйлерін, ұлттық мұра болып саналатын басқа да күйлерді орындады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Домбыра әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз болуға тиіс» деген еді.

– «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген

керемет сөз бар. Кез келген қазақ, еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін домбыраның үніне елтиді. Бұл шараның мақсаты да – ұлттық аспабымызды дәріптеу, насихаттау. «Алтын домбыра» ұлттық өнер орталығының шәкірттері «Бәйтерек» басында күй тартуды да армандаған екен. Осы іс-шара арқылы олардың арманын да орындап отырмыз. Ал «Бәйтерек» 20 жыл бойы миллиондаған адамға, елорда тұрғындары мен қонақтарына

әдемі әсер сыйлап келе жатыр. Монумент бірегей ғимарат бола отырып, оның тамыры Қазақстанның өткен тарихын қадірлейтін, бүгінгі – берік тірек болып табылатын, және нық әрі сенімді жүзеге асырылып жатқан болашағын бағалайтын мемлекетті бейнелейді, – дейді «Бәйтерек» монументінің директоры Әділ Орынбасарұлы.

Мектеп оқушылары Қадырәлі және Айсұлтан «Алтын домбыра» ұлттық өнер орталығына

ашылған күннен барып жүр. Олардың әжесі, ардагер ұстаз Гүлжиян Ұзаққызы немерелері домбыраға өздігінен құмар болғанын айтады.

– «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген, өнер орталығының ұстаздарына, басшылығына өте ризамыз. Олар домбыраны үйрету арқылы немерелеріміздің бойына өз Отанына деген сүйіспеншілікті, отаншылдық сезімін сеуіп келе жатыр. Балалар осы уақытқа дейін қаншама күй үйренді. Немерелеріміздің атасы домбырада ойнайды, өз кезінде мәдениет саласында басшылық қызмет атқарған. Бірақ Қадырәлі және Айсұлтан «Алтын домбыраға» бар деп ешкім күштеген жоқ, олар өздері ниет танытты, – дейді ардагер ұстаз.

КӨПҰЛТТЫ ОРКЕСТР – ГИННЕС КІТАБЫНДА

Бейбітшілік және келісім сарайында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «Әлем музыкасы» жобасы аясында «The most nationalities in an orchestra» атты концерттік іс-шара өтті. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезіне орай арнайы ұйымдастырылған бағдарламада «Ең көпұлтты оркестр» аталымы бойынша жаңа әлемдік рекорд тіркеліп, Гиннес кітабына енгізілді.

Шараға әлемдік кітаптың ресми төрешісі Джак Брокбэнк, Парламент Сенатының төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев, Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Нұр-Сұлтан қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Санат Шапашов қатысты.

– Жоба Қазақстанда көптеген этникалық топтың өкілдері тату тұратынын және еліміздің толерантты екенін әлемге кеңінен дәріптеуді көздейді. Қазіргі таңда түрлі этностардың осылай ортақ мүдде жолында жұмылуы өте маңызды. Алдағы діни форумның басты бағдары да жаһан жұртын диалогқа, ымыраға, келісімге шақыру екені белгілі. Сондықтан жобаның түпкі мақсаты VII съездің идеологиялық

бағытымен толық үндеседі. Осы ретте съезге орай басқа да бірқатар мәдени іс-шара жоспарланғанын атап өткен жөн, – деді Мәулен Әшімбаев.

«Ең көпұлтты оркестрдің» құрамында 51 елден 75 этностың өкілдері бар. Барлық музыканттар – республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттары. Концерттік бағдарлама барысында Қазақстан Республикасы құрама оркестрінің, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық хорының орындауында қазақстандық авторлардың музыкалық композициялары мен әлемдік шығармалар шырқалды. Сондай-ақ би ұжымдары мен басқа да өнерпаздар өнер көрсетті.

Баян АСЫЛБЕКОВА

БҰЛБҰЛ ӘНШІГЕ АРНАЛАДЫ

16 қыркүйек күні Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрі XXVI концерттік маусым шымылдығын Күләш Байсейітованың 110 жылдық мерейтойына арналған «Бұлбұл» концертімен ашады.

Концертте Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы «Гәккү», Л.Хамидидің «Қазақ вальсі» мен «Бұлбұл», М.Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсынан айтыс, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсынан Ажар ариясы орындалады. Өндермен қатар күйлер де тартылады. Атап айтқанда, Дина Нұрпейісованың «Әсем қоңыр», Тәттімбет Қазанғапұлының «Былқылдақ», Құрманғазы Сағырбайұлының «Сарыарқа» күйлері шертіледі.

Концертте қазақ оркестрі мен филармония солистері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Арайлым Рахымқызы, Светлана Айтбаева, Сүндет Байғожин, Бибігүл Жанұзақ, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбілда, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Феруза Рахметова, Әйгерім Аманжолова, Әйгерім Ораз, Талғат Аллабиринов, Ботагөз Тәшімова өнер көрсетеді.



ҒАСЫРЛЫҚ БАСЫЛЫМ – АСТАНА ТӨРІНДЕ

Биыл Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетіне 100 жыл толды. Басылымның ғасырлық мерейтойына орай елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада «Ақ жол» және қазақ баспасөзі» тақырыбында дөңгелек үстел мәжілісі өтті. Басылым басшылары мен ардагерлері, қазіргі қызметкерлері, Парламент депутаттары, белгілі қаламгерлер, ғалымдар, БАҚ басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысқан жиында газет тарихымен қатар қазақ баспасөзінің бүгінгі жай-күйі мен түйткілдері талқыланды.



1922 жылдың 1 мамырында «Вольная беднота» газетінің қосымшасы ретінде шыға бастаған басылым сол жылы өз алдына отау құрып, «Кедей еркі» атауымен оқырманға жол тартты. Ғасырлық тарихында бірнеше рет атауын өзгертіп, 1990 жылдың 3 сәуірінен бастап «Ақ жол» деген атпен жарық көріп келе жатыр. «Ақ жол» газетінде әр жылдары Кемел Тоқаев, Әшірбай Есмұрзаев, Тынышбай Рақым, Асқаржан Сәрсек, Мұрат Сыздық сынды танымал ақын-жазушылар қызмет істеп, қолтаңбасын қалдырды.

Газет мерейтойына арналған жиын барысында Қазақстан Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысының ұжымға жолдаған құттықтау хатын оқып берді. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің құттықтауын аталған министрліктің баспасөз хатшысы Нұрбек Әмиша жеткізді.

Қазақстан Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омарұлы, Сенат депутаты Нұрғөре Жүсіп, Мәжіліс депутаты Дархан Мыңбай мен Жанарбек Әшімжан, «Egemen Kazakhstan» газеті» ЖШС бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлы, «Хабар» Агенттігі» АҚ басқарма төрағасы Берік Уәли, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Шәмшиддин Паттеев, жазушы, Жамбыл облысының Құрметті азаматы Елен Әлімжан, Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, академик Кәрімбек Құрманәлі, «Turkistan» газетінің бас редакторы, ақын Бауыржан Бабажанұлы, «Елорда-Ақпарат» ЖШС директоры Олжас Сыдықбек, т.б. азаматтар ізгі лебіздерін айтты. «Auliata-Media» ЖШС бас директоры Оралхан Дәуіт «Ақ жол» газетінің ғасырлық тарихына тоқталып, бүгінгі қазақ баспасөзі хакында әңгіме қозғады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №107

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Қ.ҮСЕМХАНҰЛЫ